

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 93 (9411) | 1954 жылғы 9 май Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

ЖЕҢІС КҮНІ

Бұдан тоғыз жыл бұрын—1945 жылғы 9 майда совет халқы неміс-фашист басқышыларына қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Совет халқы бұл жеңіс күнін жыл сайын мерекелейді.

Гитлершіл фашист басқышылары 1941 жылы Отанымызға тұтқиылдан опасыздықпен шабуыл жасап, екі айдың ішінде Совет Армиясын, Совет Мемлекетін талқандады, совет адамдарын қыруды, немесе, оларды фашистік Германияның құлы мен күңіне айналдыруды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Сөйтіп, дүниежүзінде өздерінің үстемдігін орнатуды көздеп, сол үшін жанталасты.

Американо-ағылшын империалистері де гитлершіл Германияның бұл агрессиялық саясатын барынша қолдап отырды. АҚШ-тың капиталистік монополиялары гитлерлік соғыс машиналарын жасауға миллиондаған доллар жұмсады. Мұндағы олардың мақсаты фашистік Германияның көмегімен Совет Одағын жою, оңай олжа табу, ең болмағанда Совет Одағының күшін әлсірету болды.

Бірақ, гитлершілдердің саясаты, «қауырт соғыс» жүргізу жоспары жүзеге аспай қалды. Олардың советтік құрылыс берік емес, көп ұлтты Совет Одағының халықтарының арасында алауыздық туады деген үміті жокқа шықты. Сөйтіп, олар соғыста күйреп, есебінен мықтап жанылды. Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен совет халқы, қаһарман Совет Армиясы жауды толық жеңіп шықты. Фашистік Германия өзінің жеңілісін мойындап, тізе бүкті.

Ұлы Отан соғысындағы Совет Одағының бүкіл дүние жүзілік тарихи жеңісі—ең алдымен советтік мемлекеттік құрылыстың жеңісі болып табылады. Советтік қоғамдық құрылыс гитлершілдер ойлағандай емес, соғыста жеңіп шығып, сыннан мүдірмей, ойдағыдай өтті. Сөйтіп, өзінің өмірге толық бейімділігін көрсете білді. Ұлы Октябрь Социалистік революциясы тудыраған біздің социалистік құрылысымыздың осындай тамаша күші ұрыс майданында да, тылда да халқымызға, армиямызға жеңімәс күш-жігер, тамаша рух беріп отырды.

Отанымыздың тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ең қатал, ең ауыр соғыс Ұлы Отан соғысы болды. Совет халқы, оның Қарулы Күштері бұл соғыста тарихи жеңіске жетіп, зор даңққа бөленді, өз Отанының бостандығын аброймен қорғап қалды, бүкіл азаматты фашистік

тік партияның, советтік құрылыстың ұлы күшіне әбден сенген совет халқы партия мен үкметіміздің шақыруына әр қашанда жан-тәнін аямай жауап беріп келді. Соғыс жылдарында Коммунистік партия совет халқымен бұрынғыдан да тығыз байланыс жасап, біте қайнасып отырды.

Ұлы Отан соғысының тарихи жеңісі социалистік және капиталистік система-лар арасындағы күштің ара салмағын социализм пайдасына шешіп, социализм мен демократияның қуатты лагерінің құрылуына жеткізді. Герман фашизмі талқандаудың арқасында Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның және Албанияның халықтары өздерінің елдерінде халықтық-демократиялық құрылыс орнатып, социализм жолында жаңа табыстарға жетуде. Совет Армиясының фашизмді жеңуі Германияның өзінде қуатты күшті оятып, бүкіл еңбекші неміс халқының тірегі — Герман Демократиялық Республикасының құрылып, оның дамуына мүмкіншілік туғызды.

Коммунистік партияның басшылығымен ұлы қытай халқы империалистік қулықтың бұғауын біржолата талқандап, кәзір еркін, социалистік тұрмыс құруда. Өзінің халық шаруашылығын өркендетіп, халықтың ауқаты мен мәдениетін арттыра беру жолында қызу күрес жүргізуде. Жапон империализмін талқандау, мұнымен қатар, Корей Халық - Демократиялық Республикасының және Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылып, оның өрістеуіне жеткізді.

Ұлы Отан соғысында жеңіспен шыққан совет халқы партияның XIX съезінің, СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларымен, партия мен үкметтің басқару қарарларымен қарулана отырып, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолында аянбай еңбек етуде. Совет адамдары ССРО-ның төртінші рет сайланған Жоғарғы Советінің Бірінші сессиясы қабылдаған Заңдарды аса зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алуда. ССРО-ның 1954 жылға арналған бюджеті біздің социалистік мемлекетіміздің қуатын онан сайын арттыра берудің тамаша сыпаттамасы. Біздің бюджет — бейбіт құрылыс бюджеті.

Совет Одағы барлық мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынасты нығайтуға қа-жырлықпен ұмтылып келеді, бейбіт

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздарында, совхоздарында, МТС-тері мен ММШС-терінде пішен шабу, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарына әзірліктің жайын талқылады, өйткені, мал санын онан әрі, ойдағыдай көбейтіп, оның өнімділігін арттыру осы жұмыстарға байланысты.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың бірқатар облыстары мен аудандарының колхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіндегі жағдайдың нашар болуы ең алдымен жемшөп өндіру және дайындау жұмысының мықтап артта қалып отырғандығына екенін атап көрсетті.

Көптеген колхоздарда жай және құнарлы жемшөп дайындау жоспары жылма-жыл орындалмай, қоғамдық мал жеткілікті мөлшерде жемшөппен қамтамасыз етілмей келеді, ал, дайындалған жемшөп мал қыстайтын жерлерге мезгілінде тасып жеткізілмейді, мұның өзі колхоздардың қоғамдық шаруашылығына материалдық жағынан үлкен зиян келтіреді және мал шаруашылығын өркендетудегі артта қалушылықтың басты себептерінің бірі болып келеді.

Колхоздарда жай және құнарлы жемшөп дайындау жоспарының орындалмауы пішен шабу және жемшөп дайындау жұмысына қанағаттанғысыз әзірленудің салдары болып табылады.

Республиканың көптеген машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларында, колхоздарында пішен жыйнайтын машиналардың көп бөлігі, әдетте, пішен дайындауға пайдаланылмайды, пішен жыйнайтын машиналардың көпшілігінде белгіленген сменалық нормалар орындалмайды. Әсіресе, механизатор кадрларының мамандығы жеткіліксіз болуы салдарынан, машина-малшаруашылық станцияларында өздігінен жүретін пішен машиналары өнімсіз пайдаланылып келеді. Пішен жыйнау жұмысы 15—20 күннің орнына 70 күн бойы және онан да көп уақыт жүргізілді, мұның өзі жемшөптің ысырап болуына және сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады. Пішен шабу және маялау жұмыстарының арасында үлкен алмақтық болып, бірқатар колхоздарда шабылған пішен маяланбай, шөме-деде үйілген қалында, қардың астында қалады. Шағындар мен жайылымдарды жақсарту және пайдалану, табиғи шабындық пен екіне шөптердің шығымдылығын едәуір арттыру ісіне аз көңіл бөлініп келеді.

Көптеген колхоздарда жемшөпті мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу қиыны уақытқа кейінге қалдырылатын теріс практика орын алып, осының салдарынан дайындалған жемшөптің едәуір ысырап болуына, колхоздардың жемшөп тасуға қатыстырылған техникаға көп ақы төлеуіне жол берілді, тракторлар өнімсіз пайдаланылып, оларды көктемгі егіс жұмыстарына әзірлеу ісі көшеуілетіні.

Бірқатар ауылшаруашылық артельдерінде жемшөп сүрлеу жоспарының

не, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС және ММШС директорларына колхоздарда шөп шабуға және жемшөп дайындауға әзірліктің кеңінен өрістетуді, сөйтіп, әрбір колхозда және республика бойынша тұтас алғанда жай пішен мен құнарлы жемшөп дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз етуді, жемшөптің көпжылдық ауыспалы қорын жасауды міндеттеді.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары, МТС және ММШС директорлары пішен жыйнайтын машиналарды жөндеудегі артта қалушылықты жоюға, бұларды жөндеу жұмысын таяудағы күндерде аяқтауды қамтамасыз етуге, бұл үшін пішен жыйнайтын машиналарды жөндеуде МТС және ММШС мастерскойларының, сонымен қатар, колхоз ұсталықтарының екі сменамен жұмыс істеуін ұйымдастыруға, машиналарды жөндеу жөнінде әрбір МТС пен ММШС-ке, әрбір колхозға бескүндік тапсырмалар беруге тиіс.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, «Қазгавсельхозснабқа» МТС-терді, ММШС-терді, колхоздарды пішен жыйнайтын машиналардың запас бөлшектерімен және жөндеу материалдарымен қамтамасыз ету тапсырылды.

Жөндеуден шыққан пішен жыйнайтын машиналарды МТС-тер мен ММШС-терге құрамында директор, бас инженер, ауылшаруашылық машиналар жөніндегі механик және өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі, тіркемелі немесе аспалы машиналар тіркеліп берілетін трактор бригадасының бригадирі болатын, колхоздарда— басқарма председателі, бригадирі және ұста болатын комиссиялар қабылдайтын тәртіп белгіленді.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне, МТС және ММШС директорларына пішен жыйнайтын трактор бригадаларына дала жағдайында қамту үшін жылжымалы автожөндеу мастерскойларын әзірлеу, бұларды қажетті мөлшерде аспап-саймандармен және пішен жыйнайтын машиналарға керекті запас бөлшектердің қорымен қамтамасыз ету тапсырылды.

Аудандық атқару комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне, МТС және ММШС директорларына әрбір колхозда 10 майға дейін жемшөп сүрлейтін құрылыстардың бар-жоғын және олардың жайын тексеру, жемшөп сүрлейтін баршұңқырларды, траншеяларды, мұнараларды, жарғылай мұнараларды жөндеу және жемшөп сүрлеудің белгіленген жоспарына сәйкес бұларды жаңадан салу жөнінде әрбір колхозға тапсырма беру, бұл жұмысты оңтүстік облыстарда 1 июньға дейін, басқа облыстарда —15 июльға дейін аяқтау тапсырылды. Сүрленетін шөптердің сапасын жақсы сақтау үшін жемшөп сүрленетін шұңқырлар мен траншеялардың іші цементпен шөгелдіруге тиіс.

бе-күн қадағаланып, әрбір учаскте шөп шабуудың мезгілінде басталуы қамтамасыз етілсін, шөптің құрап кетуіне жол берілмесін;

шөп шабуудың алғашқы күндерінен бастап пішен жыйнайтын барлық машиналар жұмысқа қосылсын, бұлардың күн шыққаннан күн батқанға дейін үздіксіз жұмыс істеуі, тракторға тіркелетін немесе аспалы әрбір шөп машинасымен күн сайын кемінде 20 гектар, өздігінен жүретін шөп машинасымен —30 гектар, атқа жегілетін шөп машинасымен —4 гектар жердің шөбін шабу қамтамасыз етілсін;

атқа жегілетін барлық шөп машиналарының жұмысы ауыспалық көлікпен жүргізілетін болып ұйымдастырылсын;

пішен жыйнау жұмыстарының бүкіл комплексінің қатарынан жүргізілуі: далалық шабындықтарда шабылған пішеннің іле-шала жыйналуы, ал, суарма шалғындарда —шабылғаннан кейін әрі жөндеу 4—5 сағаттан кейін жыйналуы, шабылғаннан кейін шөпті 1—2 күннен кеміктірмей шөмелеу немесе сырып жыйнау қамтамасыз етілсін, далалық шабындықтарда пішен жыйнау және маялау жұмыстарының арасында екі—үш күннен, ал шалғындарда —5 күннен асатын алмақтыққа жол берілмесін;

пішеннің дұрыс маялануы, бұл маялардың жақсы үйіліп, әрқайсысының салмағы 12—15 тоннадан кем болмауы қамтамасыз етілсін;

пішен жыйнау жұмысымен қатар жемшөпті мал қыстайтын жерлерге бүкіл тәулік бойы тасып жеткізу жұмысы ұйымдастырылсын, бұл үшін өндіріс бригадаларында жемшөп тасуды тұрақты жұмыс істеуге қажетті мөлшерде көлік, арба, адам бөлінсін;

жемшөп тасуда, сонымен қатар, колхоздардың автомашиналары және МТС-тер мен ММШС-тердің егіс жұмыстарынан босаған тракторлары пайдаланылсын, пішенді ең алдымен алыстағы учасктерден тасу жұмысы ұйымдастырылсын;

шабылған пішеннің бәрі мал қыстайтын жерлерге негізінен жазғы уақытта тасып жеткізілсін, алыстағы учасктерде шабылған пішеннің қыста тасуға қалдырылуына ешқандай да жол берілмесін;

алыстағы учасктерде шабылған пішенді негізгі орталықта мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізуді жеңілдету және әсіресе, жемшөппен қамтамасыз етілмеген қиыны мал жайылымды учасктеріне пішен жеткізу мақсатымен, пішен жыйнау жұмыстары басталысымен пішенді прес-теу жұмысы ұйымдастырылсын;

колхозшылардың пішен дайындауға барынша толық қатысуы қамтамасыз етілсін, олар пішен дайындау кезінде басқа жұмыстардан босатылсын;

колхозшыларға және пішен жыйнауға қатыстырылған халыққа іс жүзінде маяланған пішеннің 10 проценті мөлшерінде пішен берудің белгіленген тәртібі қатаң сақталсын, пішен беру жұмысы жемшөп дайындаудың бүкіл маусымында жүргізілетін болсын;

барлық колхозшы әйелдердің жемшөп

жемшөптік бақша дақылдары егісін мезгілінде күту жұмысы ұйымдастырылсын;

суармалы учасктерде өсірілетін жемшөптік дақылдарды суарудың белгіленген агротехникалық нормалары мен мерзімдерін бұзбай сақтау қамтамасыз етілсін;

үстіміздегі жылы оңтүстік облыстарда көпжылдық шөпті кемінде 3—4 рет, басқа облыстарда кемінде 2 рет шабу қамтамасыз етілсін;

сүрленетін дақылдарды мезгілінде жыйнау, тасу және сүрлеу жұмыстары ұйымдастырылсын, бұлардың мезгілінде жыйнамай құрап кетуіне жол берілмесін;

жемшөптік тамыржемистер мен жемшөптік бақша дақылдарын мезгілінде жыйнау, тасу және сақтау қамтамасыз етілсін, бұлардың өнімін жыйнаған кезде және сақтағанда, оның ысырап болуына жол берілмесін.

Жемшөп сүрлеудің және жақсы сапалы сүрленетін жемшөп дайындаудың белгіленген жоспарын орындауды қамтамасыз ету мақсатымен, республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС және ММШС директорларына мынадай міндеттер тапсырылды:

жемшөп сүрлейтін құрылыстарды әзірлеуден бастап, сүрленетін жемшөпті жыйнау, тасу, сүрлеу және тығыздан басу жұмыстарына дейін жемшөп сүрлеу жұмысының барлық процесі мейлінше толық механикаландырылсын;

егін жыйнау басталғанға дейін жемшөп сүрлеудің жылдық жоспарында белгіленген жемшөптің кемінде 30—40 проценті жабайы өсетін шөптер есебінен сүрленсін, сүрлеуге арналған жабайы өсетін шөптерді жыйнау, тасу және сүрлеу жұмыстары МТС-тер мен ММШС-тердің күш-құралымен ұйымдастырылсын;

жемшөп сүрлеу үшін өсім-бақша қалдықтары, ал, қызылша егетін аудандарда —қант қызылшасының жапырағы кеңінен пайдаланылсын.

Дайындалған жемшөптің мөлшері туралы теріс есептеудің және қосып жазудың өткен жылдарда болған оқиғаларының қайталануына жол бермеу мақсатымен, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті дайындалған жемшөпті дұрыс өлшеу және есепке алу үшін МТС-тер мен ММШС-тердің директорларына, бас зоотехниктері мен колхоздардың председателдеріне, бухгалтерлеріне немесе есепшілеріне және колхоздардың тексеру комиссияларының председателдеріне жеке жауапкершілік жүктелді.

Облыстық атқару комитеттеріне, облыстық партия комитеттеріне және облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына колхоздарда дайындалған жай жемшөп есебінің дұрыстығын үнемі ішінара тексеріп отыру, дайындалған жемшөпті теріс есептеп, ол жайында теріс мәліметтер бергені үшін айыпты адамдарды

қарды. Адал ниетті адамзаттың жауына қарсы күресте совет халқы, оның Қарулы Күштері мызғымас бірліктің, жан-қиярлық ерліктің, батырлықтың, табандылықтың тамаша үлгілерін көрсетті.

Ұлы Отан соғысының ұрыс майдандарында Совет Армиясы кәзіргі заманға толық сай қару-жарағы, тәжірибесі мол командалық құрамы бар және моральдық-жауынгерлік сапасы өлшеусіз артық, бірінші дәрежелі Армия екендігін дәлелдеді. Москва мен Ленинград түбіндегі ұрыс, Севастополь мен Сталинград түбіндегі ұлшпайқас, Орел-Курск бағытындағы, Висла мен Одердегі, Будапешт пен Вена түбіндегі және Берлин түбіндегі ұрыстар Совет Қарулы Күштерінің жеңісімен аяқталып, оны даңққа бөледі, соғыс тарихынан тамаша бет ашты.

Фашистік Германияны жеңгеннен кейін Совет Қарулы Күштері 1945 жылғы 2 сентябрьде дүниежүзілік шапқыншылықтың Шығыстағы ошағын жоюды аяқтады. Мұның нәтижесінде Германияның бас одақтасы Жапония да тізе бұғу актына қол қойды. Жапон агрессиясын жоюда ұлы Қытай халқы және оның Халық-азаттық Армиясы орасан зор роль атқарды. Осымен дүниежүзілік екінші соғыс аяқталды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Коммунистік партия совет адамдарын біртұтас лагерьге топтастырды. Олардың барлық күш-жігерін бір мақсатқа — жауды жеңіп шығу мақсатына бағыттады. Ұрыс майданында Совет Армиясын, тылда жұмысшыларды, колхозшыларды, интеллигенттерді, барлық еңбекшілерді жеңіске бастап, Совет Одағының күш-қуатын онан сайын арттыра беруге үндеп отырды. Коммуни-

сты үшін, соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы, соғыс арқылы олжа табуға жанталасып отырған халықтың жауларына қарсы талмастан күресуде. Совет үкіметінің дәйекті, бейбітшіл сыртқы саясатын дүниежүзінің жүз миллиондаған қарапайым адамдары қызу қостап келеді. Олардың бұдан былай да бұл саясатты қостай беретіндіктеріне сенім зор.

Американ империалистері жаңа соғыс өртің тұтандыру үшін жан аямай күресуде. Олардың мақсаты дүниежүзіне өздерінің үстемдігін жүргізу, дүниежүзінің еңбекшілерін өздерінің құлдығына айналдыру. Бірақ, соғыс өртің тұтандырушылардың бұл қылмысты әрекеттері жүзеге аспақ емес. Өйткені, бейбітшілік сүйгіш халықтардың саны көбейе түсіп, олар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып отыр.

Совет Қарулы Күштері өзінің қасиетті міндеті —Отанымыздың күзетінде болу және біздің еліміздің халықтарының бейбіт еңбегін бұзуды ойлап, оған қастандық істеген агрессорларға өлтіре соққы беруге әзір болу үшін некеректің бәрімен қамтамасыз етілген, бұдан былай да қамтамасыз етілетін болады. Егер агрессорлар атом қаруына үміт артып, есуастыққа баруға бел байласа, Совет Одағының күшін сынағысы келетін болса, онда өзі қолданған қару мен ақ сазайын тартатын болады.

Қаһарман совет халқы және оның батыр Армиясы мен Соғыс Теңіз Флоты жасасын!

Маркстің —Энгельстің —Лениннің —Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен —коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

9 май 1954 жыл № 62 Москва қаласы

Жолдастар, солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Совет Одағының гитлерлік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бүгін тоғыз жыл толды.

Бұдан тоғыз жыл бұрын совет Қарулы Күштері біздің одақтастарымыздың әскерлерімен бірге гитлерлік Германияға қарсы күресте дүниежүзілік тарихи жеңіске ие болды.

Ұлы Отан соғысында Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының қатардағы құрамы теңдесі жоқ ерлік және жоғары әскери шеберлік, әскери борышына адалдық және өз Отанына шексіз берілгендік көрсетті.

Қарулы Күштердің бүкіл қатардағы құрамын жеңіс күнімен құттықтаймыз және осы тарихи күннің құрметіне бұйырамын:

Бүгін, 9 майда, біздің Отанымыздың астанасы —Москвада, одақтас республикалардың астаналарында және қаһарман қалалар: Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада отыз дүркін артиллерия атылып, салют берілсін.

Біздің социалистік Отанымыз жасасын!

Қуатты совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

**ССР Одағының Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.**

және жеміш сүрлеу техникасының өрескел бұзылуына жол беріліп, ішкі шегенделмеген шұңқырлар мен траншеяларда жеміш сүрленіп, көп жағдайда сүрленетін жеміш туралмай, тиісті дәрежеде тығыздап басылмай сүрленіп кетеді, мұның өзі бірқатар жағдайда сүрленген жеміш сапасының төмендеуіне және бұзылуына әкеліп соқтырады.

Көптеген совет, партия және ауыл шаруашылық органдары, МТС-тер, ММШС-тер мен колхоздар осының бәрінен қажетті қорытынды шығармай, жеміш жыйнауға әзірленуде және жеміш дайындауда өткен жылдарда болған қателіктер мен кемшіліктерді бийылғы жылы да қайталап отыр. Республиканың МТС-тері мен ММШС-терінде тракторға тіркелетін шөп машиналарын жөндеу жоспары 1 майға дейін небары 38,3 процент қана орындалды.

Шөп жыйнау жұмыстары әдетте Солтүстік-Шығыс және Батыс облыстардағыдан гөрі едәуір ерте басталатын Оңтүстік облыстардың МТС-тері мен ММШС-терінде шөп жыйнайтын машиналарды әзірлеу жұмысы өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. 1 майға дейін шөп машиналарын жөндеу жоспары Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Қазан МТС-інде небары 5 процент, Талдықорған облысы, Андреев ауданындағы Андреев МТС-інде— 13 процент, сол аудандағы Жыланды МТС-інде— 11,2 процент қана орындалған.

Шөп жыйнайтын машиналарды әзірлеу жұмысы республиканың Солтүстік-Шығыс облыстарының МТС-тері мен ММШС-терінде де қанағаттанғысыз жүргізілуде. 1 майға дейін тракторға тіркелетін шөп машиналарын жөндеу жоспары Қостанай облысында 12,9 процент, Ақтөбе облысында— 12,2 процент, Солтүстік Қазақстан облысында—28,6 процент орындалған.

Колхоздар атқа жегілетін шөп машиналарын жөндеу жұмысын қанағаттанғысыз жүргізуде. Бұларды жөндеу жоспары 1 майға дейін 17,8 процент орындалған.

МТС-терді, ММШС-терді және колхоздарды шөп шабу, жеміш дайындау жұмыстарына әзірлеудің мұндай болып отырғандығы партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының кейбір басшыларының, көптеген колхоз председателдері мен МТС және ММШС директорларының малды жемішпен қамтамасыз етуге төзуге болмайтындай мүлде теріс көзқарас жасап отырғандығын көрсетеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті әрбір колхозда барлық қоғамдық малды жемішпен толық қамтамасыз ету, қажетті мөлшерде жеміштің сақтық қорларын жасау, сонымен қатар колхозшылардың еңбеккүндеріне шөп мен сабанды көп беру партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, МТС және ММШС басшыларының, колхоз басқармаларының аса маңызды міндеті деп санайды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі-

деу, сүрленетін шөптерді жыйнауға және ұсақтауға арнап (бұрын пайдаланылған) комбайндарды қайта жабдықтау, осы жемішті тасу үшін автомашиналарды жабдықтау жұмыстары дәл осы мерзімге дейін аяқталуға тиіс.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына, МТС және ММШС директорларына шөп шабу басталғанға дейін мыналарды қамтамасыз ету міндетін жүктеді:

МТС-терде, ММШС-терде және колхоздарда шөп жыйнау жұмыстарының жоспарлары жасалып, бұл жоспарлар егіс және трактор бригадаларына жеткізілсін, осы жоспарларда шөп шабылатын учас-токтерді бригадаларға бекітіп беру, әрбір учас-токте жүргізілетін жұмыс мерзімдері, МТС-тер мен ММШС-тердің шөп шабатын агрегаттарының жеке учас-токтерде жүру маршруттары көзделсін;

шөп жыйнау жұмыстарының бүкіл комплексін жүргізу үшін шөп жыйнайтын трактор агрегаттары тәжірибелі тракторшылармен, өздігінен жүретін шөп машиналарының машинистерімен, сол сияқты, қажетті мөлшерде колхозшылармен, көлікпен және транспортпен толықтырылсын, тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп машиналарында жұмыс істеу үшін тәжірибелі тракторшылардан және басқа механизатор кадрларынан қажетті мөлшерде машинистер даярланатын болсын;

ең қарапайым шөп маялағыштар, мая үйгіштер және шөп жыйнау, маялау жұмыстарын механикаландырылатын басқа тетіктер жеткілікті мөлшерде жасалсын;

Әрбір колхозда шөп жыйнайтын бригадалар толықтырылып, бұларға шабындық учас-токтері, қажетті мөлшерде көлік, транспорт құралдары және адамдар бекітіліп берілсін;

мемлекеттік қордағы және мемлекеттік орман қорындағы жерлерде шабындықтарды анықтау, есепке алу және оларды колхоздар мен совхоздарға бөліп беру жұмысы жүргізілсін.

Шөп жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу және жоғары сапалы шөп дайындау мақсатымен, республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына, МТС және ММШС директорларына, колхоз басқармаларына, МТС-тердің, ММШС-тердің, колхоздардың шөп жыйнайтын бүкіл техникасын мейлінше өнімді пайдалануды қамтамасыз ету, жеміш дайындауға колхоздардың материалдық және еңбек ресурстарын барынша толық жұмылдыруды қамтамасыз ету тапсырылды, бұл үшін:

шабындық жерлерде шөптің пісуі күн-

мазсыз ету жасалынса, олар колхозда маусымдық балалар яслилері мен алаңдары ұйымдастырылсын, бұларға жақсы жабдыкталған үйлер, тамақ өнімдері мен аспап- жабдықтары бөлінісін;

жеміш жыйнау жұмыстарында істейтін колхозшылар мен механизаторларды мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісі ұйымдастырылсын.

Шөп шабу және маялау жөнінде бескүндік тапсырмалар, шөптенді мал қыстайтын жерлерге тасып жеткізу және шөптен престеу жөнінде айлық тапсырмалар, сонымен қатар, колхоздардың мал жайылым учас-токтерінде жеміш дайындау жөнінде тапсырмалар бекітілді. Облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне осы тапсырмаларды 10 күндік мерзім ішінде аудандарға, МТС-терге, ММШС-терге және колхоздарға жеткізу тапсырылды.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары, МТС және ММШС директорлары мынадай жұмыстар істеуге тиіс:

қысқы мал жайылымы учас-токтерінде шөп дайындау үшін колхоздарда шөп жыйнайтын арнаулы бригадалар ұйымдастырылып, олар қажетті мөлшерде машиналармен, көлікпен, транспорт құралдарымен қамтамасыз етілсін және бұл бригадалар шөп дайындайтын жерлерде шөп шабу басталғанға дейін жіберілсін;

қысқы мал жайылымы учас-токтерінде шөп жыйнау жұмысын қысқа мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін, табиғи шөптің, әсіресе, құмда өсетін эфемерлік өсімдіктердің құрап кетуіне жол берілмесін;

мал жайылымы учас-токтерінде шөп дайындаумен қатар негізгі орталықтағы учас-токтерден алыстағы қысқы мал жайылымы учас-токтеріне престелген шөп тасу жұмысы ұйымдастырылсын;

сақтық жеміш қорларымен қамтамасыз етілмеген қысқы жайылым учас-токтеріне колхоздардың мал айдап апаруына тыйым салынсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына, МТС және ММШС директорларына, колхоз басқармаларына, колхоздардың егістік жерінде жеміш дайындау жұмысының салақсытылуын батыл жоюды, әрбір жеміштік дақыл егісі мен оның шығымдылығы жөніндегі жоспарды орындауға батыл шаралар қолдануды, бұл үшін мынадай шаралар істеуді міндеттеді:

жеміштік дақылдар егу жұмысын ең жақсы агротехникалық мерзімдерде өткізу және оларды жақсы бапталған жерлерге егу қамтамасыз етілсін;

көпжылдық және біржылдық шөптер, сүрлеуге арнап егілген жүгері мен күнбағыс, жеміштік тамыржемістер және

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап сабан мен топанды жыйнау, маялау және сақтайтын жерлерге тасып жеткізу жұмыстарын ұйымдастыруға, бұларды малдың азығына және төсенішіне пайдалануды қамтамасыз етуге, осы мал азығының отынға пайдаланылуына жол бермеуге тиіс.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне үстіміздегі жылы әрбір колхоздың мемлекетке міндетті түрде шөптен тапсыру жоспарын толық орындауын қамтамасыз ету, бұл үшін алғашқы шабылған және сапасы жақсы шөппен дайындау пункттеріне шөптен тасуды ұйымдастыру тапсырылды.

Қазақстан тұтынушылар кооперациясының одағына жеміш дайындаумен шұғылданатын трактор және егіс бригадаларында, әсіресе, қысқы мал жайылымы учас-токтерінде жұмыс істейтін шөпшілер бригадаларында тамақ өнімдері мен өнеркәсіп товарларын үздіксіз қыдыртып жүріп сатуды қамтамасыз ету, сонымен қатар, колхоздарда машина майын, қайрақтар, кеспектер, арбалар, айырлар және жеміш дайындауға қажетті өндірістік маңызы бар басқа товарлар сатуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық және аудандық партия комитеттеріне, Қазақстан кәсіподақ Советі мен кәсіп-одақтардың облыстық Советтеріне, ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық және облыстық комитеттеріне, комсомолдың Орталық Комитетіне, облыстық комитеттері мен аудандық комитеттеріне трактор және егіс бригадаларында саяси, мәдени-ағарту жұмыстарын батыл жақсартуды, шөп жыйнау және жеміш сүрлеу жұмыстарында істейтін механизаторлар мен колхозшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуді міндеттеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне, Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттерінің секретарьларына жеміш дайындау ісіне ойдағыдай басшылық жасауды қамтамасыз ету, қызметкерлерге қажетті дәрежеде талап қою, жұмыстың барысын бақылауды қамтамасыз ету, сөйтіп, жеміш дайындаудың белгіленген жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету тапсырылды, мұның өзі мал санын онан әрі көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың, колхоздардың табыстарын онан әрі молайтып, колхозшылардың материалдық әл-ауқатын онан әрі арттырудың және халықты мал шаруашылығының өнімдерімен қамтамасыз ету ісін жақсартудың басты шарты болып табылады.

Совет халқының ұлы жеңісі

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы мұнан 9 жыл бұрын жеңіспен аяқталды.

Алғашқы күннен бастап бүкілхалықтық сыйпат алған осы соғыста совет халқы өзінің социалистік Отанының намысы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европаның халықтарын гитлерлік езгіден азат етті, адамзаттық фашистік құлдыққа түсу қауіпінен құтқарды.

Гитлершілер біздің Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасап, совет мемлекетін жоюды, совет адамдарын қыруды немесе оларды фашистік Германияның құлына айналдыруды өздеріне мақсат етіп қойды. Олар дүние жүзінде үстемдік орнатуды көздеп, басқа халықтарды да осындай халге дұшар етпек болды.

Гитлерлік Германияның агрессиялық саясатын американ-ағылшын империалистері барынша қолдап отырды, АҚШ-тың капиталистік монополиялары гитлерлік соғыс машиналарын жасауға мылдан-артаған доллар жұмсады. Фашистік Германияның көмегімен американ-ағылшын империалистері Совет Одағын жоюды немесе соғыстан кейін оңай олжа етпек болып, ең болмағанда оның күшін барынша әлсіретуді ойлады.

Алайда, гитлершілердің және оның сыйбайластарының Совет мемлекетін күйрету жөніндегі есептері толық күйреді.

Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі — бұл ең алдымен советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың жеңісі болып табылады. Октябрь революциясы тудырған социалистік құрылыс біздің халқымызға және біздің армиямызға ұлы және жеңімәс күш берді. Біздің елімізге шабуыл жасай отырып, гитлершіл билеушілер советтік құрылыс берік емес деп, көп ұлтты Совет Одағының халықтарының арасында жанжал мен алауыздық туалы деп үміт артқан болатын. Соғыс гитлершілердің бұл үмітін жермен жексен етті.

Социалистік Отанның намысы, бостандығы және тәуелсіздігі үшін күрестің барысында советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі бұрынғыдан да шыңдалып, еліміздің халықтарының лениндік-сталиндік достығы, жалынды советтік патриотизм нығая түсті. Отан соғысының әділетті, азаттық сыйпатымен жігерленген совет адамдары тылда аса зор жан-қырлық еңбек ерлігін және майданда мәңгі ұмытылмас қаһармандық көрсетті.

Коммунистік партияның данышпан көсемі және кеменгер қолбасшы Н. В. Сталиннің басшылығымен Советтік Отанымызды қорғауға ұлы орыс халқы бастаған еліміздің барлық халықтары аттанды. Халық шын мәніндегі тарихтың жасаушысы екендігін, қоғамның бүкіл өміріндегі, соның ішінде соғыстың тағдырын шешудегі ең басты және шешуші күш екендігін Отан соғысы ерекше айқын көрсетіп берді.

Соғыстың нәтижесі социализмнің капитализмнен өлшеусіз артық екендігін, бүкіл дүние жүзіне тағы да айқын көрсетті. Соғыстан Совет мемлекеті бұрынғыдан

★
**Генерал-лейтенант
Н. ГРИТЧИН**
★

йін совет Қарулы Күштері империалистік Жапонияны да тізе бүгуге мәжбүр етті. Жапон агрессиясын жоюда ұлы Қытай халқы және оның Халық-азаттық армиясы аса зор роль атқарды.

Совет халқының және оның Қарулы Күштерінің герман фашизмін, жапон империализмін жеңіп шығуының аса маңызды шарты, Коммунистік партияның және оның И. В. Сталин бастаған Орталық Комитетінің данышпандық басшылығы болды.

Соғыс алдындағы жылдарда Коммунистік партия елімізді белсене қорғауға барлық жағынан әзірледі. Партияның басшылығымен совет халқы елімізді индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік-сталиндік саясатын жүзеге асырды, сөйтіп, Отанымызды соғыстың материалдық керектерін қанағаттандыру үшін не керектің бәрі бар қуатты социалистік державаға айналдырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Коммунистік партия совет адамдарын біртұтас жауынгерлік лагерьге топтастырды және олардың барлық күш-жігерін бір мақсатқа — жауды жеңу мақсатына бағыттады. Партия мен үкмет Мемлекеттік Қорғаныс Комитетін құрды, оның председатели болып И. В. Сталин, орынбасары болып В. М. Молотов, мүшелері болып — Г. М. Маленков, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, Л. М. Каганович тағайындалды. Партия ЦСРО Қарулы Күштеріне басшы қызметке аса көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері — Н. С. Хрущевті, Н. А. Булганинді, А. А. Ждановты, А. С. Щербаковты және БК(б)П Орталық Комитетінің көптеген басқа мүшелерін жіберді.

Біржарым миллионнан аса коммунистер майдандағы армияға жіберілді. Майданда және тылда, партизан отрядтарында — барлық жерлерде партия фашистік басқыншыларға қарсы, Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін күрестің ұйымдастырушысы, басшысы, дем берушісі болды. Соғыс күндерінде Коммунистік партия совет халқымен бұрынғыдан да біте қайнасып кетті.

Совет Одағының Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі социалистік және капиталистік системалар арасындағы күштің ара салмағын социализмнің пайдасына түбірінен өзгертті, социализм мен демократияның қуатты лагерінің құрылуына жеткізді. Герман фашизмін талқандаудың нәтижесінде Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның және Албанияның халықтары өздерінің елдерінде халықтық-демократиялық құрылыс орнатып, социалистік жолына біржолата түсті. Совет Армиясының фашизмді жеңуі Германияның өзінде қуатты халықтық күш

орындау үшін, еңбек өнімділігін онан әрі арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту және сапасын арттыру үшін бүкілхалықтық социалистік жарыс кең өріс алды.

Социалистік ауыл шаруашылығы да елеулі табыстарға жетті. Партия мен үкмет екі-үш жылдың ішінде халықтың азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етілуін едәуір арттыруды көздеп, ауыл шаруашылығын жанадан мықтап өркендетуді және жеңіл, тамақ өнеркәсібін жедел өркендетуді ұйымдастырды.

Совет экономикасын жалпы өрге бастыру негізінде еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі үнемі артып келеді. 1953 жылы ЦСРО-ның ұлттық табысы соғысқа дейінгі дәрежеден екі еседен артық асып түсті. Таяуда соғыстан кейін жетінші рет жүргізілген көпшілік қолды товарлардың бағасын кеміту — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халықтың игілігі туралы, оның материалдық және мәдени өскелең тілектерін мейлінше қанағаттандыру туралы үнемі қамқорлық жасауының жана сыйпаттамасы болып табылады.

Совет адамдары ЦСРО-ның төртінші рет сайланған Жоғарғы Советінің Бірінші Сессиясы қабылдаған Заңдарды аса зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. ЦСРО-ның 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті біздің социалистік мемлекеттің қуатының үнемі өсіп келе жатқандығын, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Отанымызды гүлдендіру туралы, совет халқының игілігі мен бақыты туралы аса зор қамқорлық жасауының айқын көрсетеді. Біздің бюджет — бейбіт құрылыс бюджеті. Ол совет мемлекетінің бейбітшілігі туралы көз жеткізерліктей дәлел бола алады.

Совет Одағы барлық мемлекеттер мен бейбіт қарым-қатынасты нығайтуға қажырдылықпен ұмтылып келеді, бейбітшілік үшін, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы талмастан күресуде. Совет Үкметінің дәйекті, бейбітшілік сыртқы саясатын дүние жүзінің барлық елдерінің жүз миллиондаған қарапайым адамдары қызу қолдауда.

Халықтар бостандығының жеңдеттері мен туншықтырушылар дүниежүзілік үстемдікте жанадан дәмеленушілер, американ империалистері жаңа соғыс әзірлеуді күшейте түсуде. Олар жанталаса қарулануда, агрессиялық блоктар құруда, ЦСРО-ның және халықтық демократия елдерінің төңірегінде соғыс базаларын салуда, өздерінің қанды жана авантюралары үшін жалданушыларды іздестіруде.

Бірақ, соғыс өртін тұтандырушылардың бұл қылмысты жоспарлары жүзеге аспақ емес. Совет Одағы бастаған бейбітшілік және демократия лагерінің күші күн санап өсіп, нығайып келеді. Бейбітшілік, бостандық және ұлттық тәуелсіздік үшін күресте барлық елдердің халықтары барған сайын тығыз бірігуде. Халықта бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болады.



Петропавлдың Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің бірқатар оқушылары «Жас физик» үйірмесіне қатысып, мектептің көрнекті құралдарын даярлау үшін физикалық аспаптарды даярлауға көмектеседі. Олар 8 класс үшін физикалық кабинет жабдықтады. СУРЕТТЕ: 8-класс оқушылары (оңнан солға қарай) А. Знаменская мен Э. Первушинаның физика пәніне керекті аспаптарды дайындап отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Оқушылар қоғамдық еңбекке кеңінен қатыстырылсын

СОКП XIX съезінің қарарлары және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулылары совет халқының алдына ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде өте зор міндеттер қойды.

Коммунизмнің болашақ құрылысына тәрбиелеуші совет мектептері ауыл шаруашылығына оқушыларды еңбекке қатыстыра отырып, еліміздің дәулетін және күш-қуатын арттыру жөнінде партия алға қойған міндеттерді жүзеге асыру ісіне өз үлестерін қосулары керек.

Облысымыздың көптеген мектептерінің оқушылары оқудан бос уақыттарында қоғамдық еңбекке қатысу арқылы жолхоздарға көп көмек көрсетіп жүр. Бірқатар мектептердің үй іргесіндегі тәжірибе участоктерінде тәжірибе жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Мәселен, Октябрь ауданындағы Ленин, Совет ауданындағы Аралағаш сияқты көптеген мектептердің үй іргесіндегі участоктерінде көктемде дәнді дақылдар, овоц және гүлдер егу жұмыстары жүргізілуде.

Оқушылардың ауыл шаруашылығы жөнінде терең білім алуына жетісу, олардың ауылшаруашылық өндірісіне сүйіспеншілігін арттыру үшін үстеміздей жылы барлық мектептер жанынан тәжірибе участоктерін ұйымдастыру қажет

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совхоз қызметкерлерінің социалистік жарысы

Партия ұйымы ЦСРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі туралы» қаулысы жарияланған күннен бері совхоз қызметкерлерінің арасында бұл документті кеңінен түсіндіру жөнінде бұқаралық-саяси жұмыс жүргізіп келеді. Осының нәтижесінде совхоз коллективі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алу жолындағы социалистік жарысқа ұнтасып, егіншілік пен мал шаруашылығында жоғарғы көрсеткіштерге не болу үшін қажырлы еңбек етуде.

Жақында мал өсірушілердің Май мерекесі алдындағы социалистік жарысына қорытынды жасалды. Қорытындының нәтижесі совхоз мал өсірушілерінің социалистік жарыста игі нәтижелерге не болғанын көрсетті. Мәселен, үстеміздей жылдың алғашқы бес айында совхоз бойынша әрбір сауын сыйырдан 1144 литрден сүт алынды. Бұл өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда әрбір сыйырдан орта есеппен 104 литр сүт артық алынды деген сөз. Жекелеген сауыншылардың көрсеткіштері мұнан да жоғары. Сауыншылар Юлия Тюниная, Мария Дик әрбір сауын сыйырдан 1709 1776 литрден сүт алып, совхоз бойынша ең жоғарғы көрсеткіштерге не болды.

Совхоз партия ұйымы Май мерекесі алдындағы социалистік жарыстың қорытындысын әрбір ферма және табын бойынша мал өсірушілердің өндірістік жыйналыстарында талқылап, онда мал шаруашылығының өнімділігін арттыру және жұмыстағы кемшіліктерді батыл жою жөнінде совхоз қызметкерлерінің бағалы ұсыныстар жасауын ұйымдастырды. Сонымен қатар, социалистік жарыстың қорытындысына арналған әңгімелер ұйымдастырылып, жауынгерлік листоктардың кезекті номерлері шығарылды, озат мал өсірушілердің социалистік жарыста не болған табыстары көрсеткіш тақталарына жазылды.

Аудандық Совет аткомінің ұйғаруы бойынша біздің совхоздың коллективі 1952—1953 жылдары сауын сыйырлардан сүтті мол алғаны үшін 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып тіркелді. Көрмеге озат мал өсірушілерден 14 адам бармақ. Олардың ішінде совхоздың атакты сауыншылары М. Дик, П. Анохина, Ж. Есенова, бұзау өсірушілер Т. Салюткина, Т. Пердериная және басқалары бар.

Көзір 1954 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша көрмеге қатысу правосын алу үшін совхоз қызметкерлері социалистік жарысты барған сайын қыздыра түсуде.

Социалистік жарыста мал өсірушілерден егіншілер де қалыспын емес. Совхоз егіншілері көктемгі дала жұмыстарын 8 жұмыс күні ішінде өткізу жөнінде көтеріңкі социалистік міндеттеме алды. Тракторшылар Я. Вибе, Б. Майсейтов, Л. Шейфер, З. Белова жолдастар еменалық жұмыс нормаларын 120—150

процент орындау үшін өзара социалистік жарысқа ұнтасты. Дала жұмыстарының алғашқы қорытындысы механизаторлардың сөзіне ісі сай екенін дәлелдейді. Мәселен, тракторшылар Л. Шейфер және В. Кабанов жолдастар көзір «ДТ—54» тракторымен егістік жерді тырмалауда еменалық тапсырмаларын 120—130 процент орындап, социалистік жарыста озат агрегатқа белгіленген қызыл жалауды жеңіп алды. Осы сияқты, тракторшылар Пекаровский, Майсейтов және басқалары да социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындауда.

Ұшқыш Ковалев және техник Красовский жолдастар самолетпен күзгі егісті және жаздық бидай егілетін жерлерді көркейткендіруде күн сайын тапсырмаларын артығымен орындауда. Көзір самолетпен 300 гектар егістік жер көркейткендірілді.

Романенко және Давидянов жолдастар басқарған огород бригадаларының мүшелері де үстеміздей жылы картоптың әрбір гектарынан 120 центнер, бақша егістерінен 175 центнерден өнім алу үшін күресуде. Совхоз огородшылары 9 жерде парник шаруашылығын ұйымдастырып, көшеттердің жақсы өсіп-өнуіне жетісті. Совхозда картоп және овоц шарыны-ұтлан отырғызылады.

Совхоз өндірісін басқа да участоктерінде социалистік жарыс барған сайын қыза түсуде. Жөндеу мастерскойының көптеген қызметкерлері шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу жөнінде айтарлықтай табыстарға не болды. Токарьлар К. Кравченко, В. Вейс жолдастар Май мерекесі алдында өндірістік тапсырмаларын үнемі асыра орындауға жетісті. Жөндеу мастерскойындағы қызметкерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде өзінен жүретін үш шөп машинасы, кеңалымды бес тырнауыш жөндеуден күнібұрын сапалы өтті.

Совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алу жолындағы социалистік жарысында қол жеткен кейбір табыстарымыз міне осындай. Бірақ, бұдан біздің жұмысымызда елеулі кемшіліктер жоқ деген ұғым тіпті де тұмайды. Партия ұйымы әрбір совхоз қызметкерлерінің социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін үнемі орындауына әлі де болса жетісе алмай келеді. Жасыратыны жоқ, көп реттерде жеке мал өсірушілердің, сондай-ақ егіншілердің социалистік міндеттемелерінің орындалуы мезгілінде тексеріліп, оның нәтижелері анықталып отырылмайды. Партия ұйымы социалистік жарысты ұйымдастыруда үстірттікке жол бермеу үшін, озаттардың жұмыс тәжірибелерін жалпының игілігіне айналдыру үшін қажетті шараларды жүзеге асыруды өзінің басты міндетінің бірі етіп қойып отыр.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының партия бюросының секретары.

Ұлы Отан соғысында социалистік Отанды қорғау үшін құрылған советтік Қарулы Күштері жеңіп шықты. Біздің армия — жаңа типті армия. Ол тек халыққа қызмет етеді және халықтың мүдделерін қорғайды. Бұл шын мәніндегі халықтық армия, біздің еліміздің ұлттары арасындағы интернационалдық рухта тәрбиеленген туысқандық армия. Совет халқы өзінің армиясын сүйеді және оған әрдайым шексіз көмек көрсетеді. Совет Қарулы Күштерінің қуаттылығының және күштілігінің қайнар бұлағы, міне, осында. Гитлерлік Германияға қарсы соғыста Совет Армиясының жеңісі — марксистік-лениндік ілім негізінде дамып, байып келе жатқан, ең прогресшіл, социалистік құрылысқа сүйенген советтік озат соғыс ғылымының жеңісі.

Ұлы Отан соғысының ұрыс майдандарында Совет Армиясы қазіргі заманға толық сай қару-жарағы, тәжірибесі мол командалық құрамы бар және моральдық-жауынгерлік сапасы өлшеусіз артық бірінші дәрежелі армия екендігін дәлелдеді. Москва мен Ленинградтың түбіндегі, Одессаның, Севастополь мен Сталинградтың қабырғаларындағы, Курск иеніндегі, Висла мен Одердегі, Будапешт пен Вена түбіндегі шайқастарда, Берлин түбіндегі сұрапыл шайқаста біздің жауынгерлеріміз мәңгі ұмытылмас даңққа бөлінді.

Қазіргі заманғы соғыс техникасымен қаруланған, аса мол жауынгерлік тәжірибесі бар, Европа мен Америкадағылардың көпшілігіне ең күшті армия болып көрінген сан миллиондаған гитлерлік армияны Совет Армиясы толық талқандады.

Фашистік Германияны жеңгеннен кейін

бенито-муссолини демократиялық Германияға қарсы күресте бүкіл еңбекші неміс халқының тірегі — Герман Демократиялық Республикасы ойдағыдай дамып, нығайып келеді.

Ұлы қытай халқы Коммунистік партияның басшылығымен империалистік құлдық бұғауын біржолата жұлып тастап, қазір еркін, социалистік тұрмыс құруда. Жапон империализмін талқандау, мұнымен қатар, Корей Халық - Демократиялық Республикасының және Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылуына жеткізді.

Ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік - тарихи жеңісінің тоғыз жылдығын совет халқы Лениннің — Сталиннің жеңімпаз туын жоғары көтеріп, алға басып келе жатқан өзінің туысқан Коммунистік партиясының төңірегіне тығыз топтасып, қарсы алып отыр.

Партияның XIX съезінің, СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларымен, партия мен үкіметтің басқа да қарарларымен қаруланған совет халқы коммунизм жолымен сеніммен алға басып келеді. Соғыс түсірген ауыр жарақаттар жазылды, творчестволық игілікті еңбекте аса зор жаңа табыстарға қол жетті. Қазір барлық елдер еңбекшілерінің социалистік Отаны біздің Отанымыздан — Ұлы Совет Одағынан берік мемлекет жоқ.

1953 жылы СССР - да өнеркәсіп өнімі соғысқа дейінгі 1940 жылдан екіжарым есе артты. Москваның және Москва облысының озат кәсіпорындарының бас-тамасы бойынша елімізде 1954 жылғы мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын

жатқан совет адамдары империалистік жапа соғыс өртінен тұтандырушылардың тіміскіленген әрекеттерін қырағы қадағалап, совет мемлекетін, оның Қарулы Күштерін нығайтуда және бұдан былай да нығайта береді.

Бүкіл дүниежүзілік - тарихи жеңіс далқана бөленген Совет Армиясы мен Соғыс - Теңіз Флоты бейбітшілікті және еліміздің хауіпсіздігін қырағы күзетуде. Совет жауынгерлері өткен соғыстың тәжірибелерін қажырлылықпен игеріп, үйренуде, өздерінің әскери және саяси білімдерін үнемі жетілдіруде, қазіргі заманғы қаруларды және жауынгерлік техниканы меңгеруде.

Совет Қарулы Күштері өзінің қасиетті міндеті — Отанымыздың күзетінде болу және біздің еліміздің халықтарының бейбіт еңбегін бұзуды ойлаған агрессорларға өлтіре соққы беруге әрдайым әзір болу борышын орындау үшін не керектің бәрімен қамтамасыз етілген және бұдан былай да қамтамасыз етілетін болады. Егер агрессорлық топтар атом қаруына үміт артып, есуастыққа баруға бел байласа және Совет Одағының күші мен қуатын сынағысы келетін болса, агрессорлардың өзі қолданған қарумен сазайын тартатындығына және мұндай авантюраның өзі бүкіл капиталистік системаның сөзсіз күйреуіне әкеліп соғатындығына күмәндануға болмайды.

Біздің еліміз күннен-күнге дәулетті және қуатты болып келеді. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік құрылыстың жаңа жеңістеріне қарай берік сеніммен алға баса береді.

Сабақтан бос уақыттарда, трафик бейінші, бірақ оқуға бөтет жасалмайтын-дай етіп, оқушылардың картотпы және басқа отамалы дақылдарды шарпы-ұлтан отырғызуда, ағаш егуде қолхоздарға көмектесуін ұйымдастырған жөн. Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығы мамандары мен оқытушылардың басқаруымен, ғылыми негізде жүргізілуге тиіс.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін оқушыларды ауылшаруашылық өндірісінде қоғамдық еңбекке үнемі қатыстырып, сөйтіп, олардың ғылым негіздері бейінші алған теориялық білімдерін тәжірибеде байытып отыруды ұйымдастыру қажет.

А. КАЛИНИН,

Мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры.

Жаңа совхоздарда

Октябрь ауданының жаңа ұйымдастырылған совхоздарында механизатор кадрларын даярлауға ерекше назар аударылуда. Мәселен, оларда тракторшылар, майкүюшілер, тіркеушілер даярлайтын курстар жұмыс істейді.

Партияның шақыруымен Держинский атындағы совхозға тың және тыңайған жерді игеруге келген комсомолерлер мен одақта жоқ жастардан жоғарыдағы мамандықтарды меңгеру үшін ашылған курстарда 163 адам оқып жүр. Сол сыяқты, Тимирязев атындағы совхозда да тіркеушілер даярлайтын курс жақсы жұмыс істеп келеді.

Жаңа ұйымдастырылған бұл екі совхоздағы курстардың тыңдаушылары қажетті оқу құралдарымен, көрнекі құралдармен толық қамтамасыз етілген. Курстарда совхоздың инженерлері, механиктері, бухгалтерлері басқарады.

Жақында курста тыңдаушылар оқуды аяқтап, тың және тыңайған жерді игеруге кіріседі.

Үлгілі малшы

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» ауылшаруашылық артелінің қарт малшысы Қанания Бәйімбетов қоғамдық малды шығынсыз өсіру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Ол өзі мал баққан жылдардың ішінде бірде-бір малдың шығынына жол берген жоқ.

Жуырда колхоз басқармасы қарт малшының үлгілі еңбегін жоғары бағалап, оған бір тайша, 500 сом ақшалай сыйлық берді.

Р. ЕЛЕМАНОВ.

Оқушылар экскурсиясы

Жуырда Жарғайың жетіжылдық мектебінің (Ленин ауданы) VII класс оқушылары биология пәнінің оқытушысы Райымбекованың басқаруымен колхоздың қой фермасына барды. Мұнда олар озат шопандармен, төл күтушілермен кездесті. Колхоз малшылары оқушыларды қой фермасындағы жағдайлармен таныстырды.

С. ТАЙЛАНОВА.

Партиялық-саяси жұмысты әлсіреткен жерде

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысы жарияланған уақыттан бергі жерде Преснов аудандық партия комитетінің мәжістері мен пленумдарында артта қалған колхоздарды алдыңғылардың қатарына жеткізу жөнінде әңгіме болғанда «Сталин жолы» ауылшаруашылық артелі жөнінде әрқашан сөз болып келді. Мәселе колхоз партия ұйымының ролін барынша арттырып, коммунистердің еңбекте және колхозшы шаруалар арасындағы саяси жұмысты өрістетуге өнеге көрсетуіне, сөйтіп, артель өндірісіне басшылықты шұғыл жақсарту жөнінде болды.

Қазір колхозда көктемгі дала жұмыстары басталды. Бұл — аудандық партия комитетіндегілердің сөзін іс жүзінде тексеретін уақыт. Әңгіме, міне, осы жөнінде болғалы отыр. Біз «Сталин жолы» колхозында болып бастауыш партия ұйымының бүкіл жұмысымен таныстық. Дұрысын айту керек, аудандық партия комитетіндегілердің даурықпалы сөздері бұл колхозда ешқандай ұйымдастыру жұмыстарымен бекітілмеген.

Колхозда осы күнге дейін шолда бар дөңді дақылдардың тұқымын тазартып, шығымдылық сапаға жеткізу жұмыстары аяқталған жоқ. Колхоз басшылары түрлі бөгде себептерді бетке ұстап, жарамсыз тұқымды сапалы тұқымға айырбастан алуы ұзаққа созууда.

Колхозда 3 егіс бригадасы және 4 трактор бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригадаларда механизаторлардан басқа 100-ге жуық колхозшылар қажырлы еңбекпен шұғылданады. Бірақ, колхоз басқармасы егіс бригадаларында колхозшылардың өнімді еңбек етуі үшін тұрмыстық жағдай жасамаған. Үш бригаданың бірде-бірінде дала қостары болмағандықтан, колхозшы шаруалар жұмысқа ауылдан барып, түскі тамаққа үйлеріне келуге мәжбүр болып жүр. Егіс бригадаларынан көрсеткіш такталары мен «жауынгерлік листоктарды», сондай-ақ, дауыстап газет оқыған немесе әңгіме өткізіп жүрген үгітшілерді кездестіру қиыны. Осылай болғандықтан егіншілер арасындағы социалистік жарысты колхоз басшыларының қалай ұйымдастырып отырғаны жөнінде қандай сөз болуы мүмкін?

Мұндай төзгісіз кемшіліктердің себебі неде? Мұның себебі, ең алдымен, колхоз партия ұйымының шаруашылық мәселелеріне басшылықты және бақылауды әлсіретуінде, колхозшы шаруалар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың бетімен жіберілуінде болып отыр деуіміз керек.

Партия ұйымының есебінде 21 коммунист бар. Мұның үстіне колхозда мұғалімдер және басқа ауыл интеллигенттері көптеп саналады. Егер бастауыш партия ұйымы коммунистер мен комсомолерлерді және ауыл интеллигенттерінің үлкен армиясын колхозшы шаруалар арасындағы саяси жұмысқа белсендіре жұмылдыра

білсе, артель өндірісіне басшылық етудегі елеулі кемшіліктер анағұрлым кем болар еді.

Бірақ, амал не, бастауыш партия ұйымы, оның секретары С. Оразалин жолда колхоздың өндірісіне, ауыл адамдарына саяси ықпал жасаудан тыс қалған. Рас, көктемгі дала жұмыстарына әзірлік мәселесі партия жыйналысының күн тәртібіне қойылмады деуге болмайды, қойылған. Бірақ, қабылданған қарарлардың орындалуын ұйымдастырмаған соң қағаз жүзінде қалып қойған қаулыдан не пайда? Колхоз коммунистерін өндірістің шешуші участоктарына бөлу, олардың авангардтық ролін арттыру мәселелерін Оразалин жолда естен шығарған. Басқаны айтпағанда, бастауыш партия ұйымының көктемгі дала жұмыстары кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың жоспарын жасамауымен, бұл жөнінде үгітшілерді егіс бригадаларына тағайындап, олармен ешқандай жұмыс жүргізеуімен тіпті де келісуге болмайды.

Колхозда партиялық-саяси жұмыстың әлсіреуі еңбек тәртібінің төмендеуіне, ең алдымен, кейбір коммунистер мен партияда жоқ активтердің семьяларының колхоз өндірісінен бас тартуына әкеліп соққан. Коммунистер: колхоз бухгалтері А. Касенов және егіс бригадасының бригадирі М. Еңсегенов жолдастардың әйелдері ешбір себепсіз колхоз өндірісінен қол үзген. Олай болса, бұл коммунистер басқа колхозшыларды еңбекке ұйымдастыруда кімге өнеге көрсете алады?

Бастауыш партия ұйымында партиялық-саяси жұмыстың әлсіреуіне аудандық партия комитеті, ең алдымен, оның Преснов МТС-і аймағы жөніндегі топ қызметкерлері кінәлі екенін баса көрсетпеуге болмайды. Соңғы кезде аудандық комитеттің нұсқаушысы Н. Черников жолда «Сталин жолы» колхозында ұзақ уақыт болған. Бірақ, оның колхозда болуынан ешқандай нәтиже байқалмайды. Черников жолда өзінің жұмыс уақытын колхоз председателі мен бригадирлердің ролін атқарумен айналысып, партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде мардымды ештеңе істемеді.

Аудандық партия комитетінің Преснов МТС-і аймағы жөніндегі секретары К. Бабкин жолда өзі жұмысқа кіріскелі «Сталин жолы» колхозында небары бір-ақ рет болған. Бабкин жолда шаруашылығы артта қалған колхозда жәні болудың орнына, өзінің жұмыс уақытын аудан орталығындағы Сталин атындағы колхозда немесе МТС-тің кеңсесінде өткізуді әдетке айналдырып алынды.

Артта қалған колхоздарды озат колхоздардың қатарына қосу мақсаты бастауыш партия ұйымдарының бүкіл жұмысын жақсартуды талап етеді. Олай болса, Преснов аудандық партия комитетіндегілердің даурықпалы сөзден төрі, нақтылы іске кірісетін уақыты жетті.

М. НҮРПЕЙСОВ,

Преснов ауданы, (Арнаулы тілшіміз).



«Жеңген Отанымыздың салтанаты»

Суретші М. И. Хмельконың суреті.

Механизатор жолдастар! Егісте техника қуатының сарқа пайдаланылуын қамтамасыз етейік!

Жарысушы бригадаларда

ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ

(ГЕКТАР ЕСЕБІМЕН)

№ 3 бригадала		№ 1 бригадала
312	Жыртылған тың жер	94
227	Дискеленген аңыз	—
163	Себілген тұқым	60
162	Тырмаланған жер	—

Конюхов ауданының колхоздары мен МТС-тері көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізіп, егіннен мол өнім алу үшін өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Солардың бірі Чистая МТС-нің № 1 және № 3 трактор бригадалары. Бұл бригадалардың екеуі де кәзір «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеп жүр. № 1 бригадала 2 «С—80», 1 «ДТ—54» тракторлары болса, № 3 бригадала да сондай тракторлар бар. Тракторлардың барлығы да тіркеу саймандарымен қажетінше жабдықталған. Колхоз басқармасы механизаторлардың өнімді еңбек етуіне барлық жағынан қолайлы жағдайлар тудызып. Бригадаларға жұмыс адамдары мен күш көліктері бірдей бөлінген.

Алайда, бригадаларда күш-мүмкіншілік бірдей бола тұрса да жұмыстың нәтижелері екі түрлі болып отыр.

№ 3 бригадалың тәжірибелі механизатор Чернуха жолдас басқарады. Бригадала мүшелері негізінен партияның шақыруы бойынша Ворошиловоград облысы мен Петропавл қаласынан тың және тыңайған жерлерді көтеруге келген патриоттар.

Бұл бригадалың тракторшылары тыңға шабуылды 23 апрельде бастады. Олар ауа райының қолайсыздығына қарамастан жерді іріктен жыртуға кезінде кірісті.

—Біз, —дейді Чернуха жолдас, —көктемнің бір күні бір жылға азық екенін жақсы білеміз. Сондықтан да уақыттың әр минутың босқа өткізбей, техниканың қуатын дала жұмыстарына өнімді пайдаланып келеміз. Мұндағы мақсатымыз —көктемгі егісті 15 майға дейін аяқтау.

Іетін кәзіргі барысы бұл бригадала астық өндірісін арттыру жолындағы күрестің күн санап өрістеп келе жатқандығын дәлелдейді. Жұмыстың алғашқы күнінен бригадаладағы барлық тракторшылар социалдық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындайтын болған. Тракторшы И. Донцов жолдас «ДТ—54» тракторымен бір сменада 5,6 гектар орнына 6,6 гектар тың көтерсе, оның кезекшісі 5,8 гектардан жер жыртып. Тракторшылар Д. Терехов, Ф. Берит, С. Бессултапов жолдас да сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр.

Тракторшылардың осындай еңбек етуі бригадала бұл уақытқа дейін 312 гектар тың жер жыртылып, 162 гектар жыртылған жердің тырмалануына, 163 гектар жерге тұқым себілуіне мүмкіндік берді. Мұнда тың жерге теккәна жаздық қатты бидайдың тұқымы себілуі ұйымдастырылған.

торшыларға техниканы қалай пайдалану, тракторларға техникалық күтімді қалай жасау жөнінде жиі-жиі кеңес береді. Мұнда тракторларға жүргізілетін техникалық күтімнің графигі жасалған. Механизаторлар бұл графикті мұлтіксіз жүзеге асырады. Осының нәтижесінде бұл бригадала егіс жұмыстары басталғалы тракторлар бірде-бір сағат тоқтаған емес.

Механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысы кең өріс алған. Вагоншаның іші ұрандар, плакаттармен безендірілген. Кітапханада саяси және әдеби кітаптары көп, газет, журналдар кезінде жеткізіледі. Үгіт-бұқаралық жұмысын Рупов жолдас жүргізеді. Ол әңгімені күнделікті жұмыспен тығыз байланыстыра өткізеді.

Ал, № 1 трактор бригадасында жағдай мүлдем басқаша. Бригадала егіс жұмыстарының қарқыны өте-мөте баяу. Бұған алдымен трактор бригадасының бригадирі И. Дупс жолдасының өзі кінәлі. Ол дала жұмыстарын алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз етпеді. Тіпті оның өзі соңғы уақытқа дейін «жер әлі саз», деген зиянды пікірдің шырғауында болды. Сөйтіп, ол жердің жанный құрғауын күтіп, жұмысты кеш бастады.

Механизаторлар және бригадалық қамтитын колхозшылар арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Кейбір тракторшылар өздерінің міндеттерін жауапсыз қарап, тракторлардың қуатын толық пайдаланбайды. Тракторшылар тамақтанған кезде тракторлардың тоқтап тұруына жол берілген.

Дупс жолдас тракторшылардан өзара социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалуын қатаң талап етпейді. Осы себепті жұмыс уақытын үнемі пайдалану үшін күрес жок. Бригадала тіркеу саймандары машинаның қуатын сәйкес тіркелмеуі жиі кездесіп келеді. Мұның ақыры жанар майдың белгіленген мөлшерден артық жұмсалыуына және тракторшылардың сменалық жұмыс тапсырмаларын орындай алмауына әкеліп соғуда.

Бригадала тракторшылық міндетті жаңада ғана атқарып жүрген жастар да бар. Бірақ, олармен техниканы күту және оны жұмысқа өнімді пайдалану жөнінде әңгіме өткізілмейді. Олардың өнімді еңбек етуіне бригадала басшылары тарапынан көмек көрсетілмейді.

Осы кемшіліктердің барлығы бригадала осы уақытқа дейін 94 гектардай жер ғана жыртылып, 60 гектардай егіс алаңына тұқым себілуіне негізгі себеп болып отыр.

Жайма-шуақ күндей боп,
Жанға жайлы улетін,
Көктем келді көрікті
Жұрттың бәрі сүйетін.

Кейде құйын ызғытып,
Соқса да жел желөкпе,
Көктем келді, көгертіп
Ажар беріп терекке.

Көктем күні колхозда
Алтын дәндер себілді.
Сол бір дәндер жасартпақ
Ертеңгі күн, өмірді.

Көк орайды көгерген
Көл-көсірлі жауыны,
Тіршілікке дән сенкен,
Көктем жастық дәуірі.

Тығыз ынтымақ

Образцовой МТС-інің біздің колхозға бөлінген № 22 трактор бригадасын Попов жолдас басқарады. Оның бұл жұмыста көпжылдық тәжірибесі бар. Бұл бригаданың мүшелері негізінен — Кубаньнан және Москва облысынан партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруге келген тәжірибелі, іскер механизаторлар.

Колхоз басқармасы патриоттар бригадасын қамтуға № 2 егіс бригадасын бөлді. Көктемгі дала жұмыстары басталмас бұрын трактор және егіс бригадаларының мүшелері егіс жұмыстарын қысқа мерзім ішінде өткізудің нақтылы шараларын белгіледі. Агрономдардың және егіншілікте көп тәжірибесі бар колхозшылардың қатысуымен жердің қунарлылығы жөніндегі өрежеліктеріне қарай оны жұмыстаудың агротехникалық ережелерін тағайындады. Егіс бригадасы трактор бригадасында жұмыс істеу үшін алдыңғы қатарлы колхозшыларды бөлді.

Партия ұйымы мен колхоз басқармасы трактор бригадасына вагонша бөліп, кітап, журналдар мен газеттердің, музыка аспаптарының жеткілікті болуын қарастырды. Вагоншаның іші түрлі плакаттар және ұрандармен безендірілді. Колхоз басқармасы жұмыстың алғашқы күндерінен бастап механизаторлар мен егіншілерге үш мезгіл ыстық тамақ берілуін ұйымдастырды.

Патриоттар бригадасы осындай толық әзірлікпен тың және тыңайған жерлерді игеруге кірісті. 1 «С—80» және 3 «ДТ—54» тракторларымен жұмыстың алғашқы күні 40 гектар жер жыртып, ал, келесі күні 50 гектарға жуық жер жыртылды. Бұл жұмыста тракторшылар Смыслов және Алексеев жолдас еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Олар «ДТ—54» тракторымен өз сменаларында әрқайсысы 6 гектардан жер жыртып.

Көктемде бригадала мүшелері 600 гектар тың жер жыртып, оған тұқым себуге тиіс. Бригадала мүшелері бұл жұмыстарды 15 жұмыс күні ішінде аяқтамақ.

Омар Шипин

ДӘН

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы ауылшаруашылық дақылдары егісінің көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен кеңейтіп, одан мол өнім алу арқылы елімізде астық молшылығын жасау міндетін қойды. Партия қойған бұл міндетті жүзеге асыру үшін еліміздің басқа аудандарынан облысымыздың жаңа жерлерін игеруге көптеген патриоттар келді. Солар сыяқты, мен де партияның шақыруына үн қосып, жаңа жерлерде жұмыс істеуге тілек білдірдім. Менің негізгі мамандығым комбайншы болатын. Жалықпай үйрену, іздену арқылы қысқа мерзім ішінде тракторшы мамандығын меңгеріп кеттім.

Бұл күндері Баян МТС-нің қамтуындағы «Баян» колхозының тың және тыңайған жерлерді игеретін № 25 трактор бригадасының бригадирі болып істеймін. Ал, менің көмекшім болып, бұрын Свердлов облысында трактор бригадасының бригадирі болып істеген, біржылдық механизаторлар даярлайтын мектепті бітірген П. Неуімен жолдас істеп жүр.

Машина-трактор станциясы біздің бригадалаға бір «С—80», үш «ДТ—54» жаңа тракторларын және басқа ауылшаруашылық машиналарын берді. Бұл машиналарда өз мамандығын айтарлықтай меңгерген маман механизаторлар жұмыс істеп жүр. Олардың көпшілігі Москвадан, Одессадан, Алматыдан және Петропавлдан жаңа жерлерді игеру үшін келген патриоттар.

Жаңа келген механизаторларды біздің жер жағдайында жұмыс істеу жайымен таныстыру үшін жергілікті механизаторлармен олардың кездесуін ұйымдастырдық. Онда Москваның, Одессаның, Алматының механизаторлары өздерінің жұ-

мыс үлгілерін айтып, тәжірибе ауыстырды.

Бригадала коллективі Баян МТС-нің қамтуындағы Киров атындағы колхоздың тың және тыңайған жерлерінде жұмыс істейтін № 17 трактор бригадасын социалистік жарысқа шақырды. Ол бригаданы Социалистік Еңбек Ері И. Калмыков жолдас басқарады. Олар біздің бұл ұсынысымызды қарсы алып, социалистік жарысқа түсуге, жұмыс үстінде бір-бірімізге достық көмек көрсетуге ризалық білдірді.

Кәзір бригада механизаторлары социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтерінкі міндеттемелер алды. Механизаторлар Г. Хамитов және оның көмекшісі В. Кравченко жолдас «С—80» тракторымен 1500 гектар жаңа жерлерді жыртуға міндеттенді. Сол сыяқты, О. Бошанов, Д. Шледрев, Ж. Сапенов, С. Нұрғалиев және басқа механизаторлар да «ДТ—54» тракторымен 1300 гектардан жаңа жерлерді көтеруге серт берді. Механизаторлар берген уәдесіне берік. Олар кәзір сменалық тапсырмаларын асыра орындап, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетуде.

Бригада бойынша 9 трактормен (15 аттың күшімен есептегенде) 7200 гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, 5 процент жағар, жанар майларын үнемдеуге міндеттендік. Кәзірдің өзінде 300 гектарға жуық жаңа жерлер көтеріліп, оның бәрін бидай тұқымы себілді. Жерді жыртыстан бұрын дискелеу және жыртылғаннан кейін тырмалау жұмыстары да айтарлықтай жүргізілуде.

Біздің бригада быйыл 3500 гектар тың және тыңайған жерлерді игереді. Оның 560 гектарына осы көктемде тұқым себіледі. Бұл жерлердегі көктемгі егіс жұмыстарын 12 жұмыс күні ішінде аяқ-

тап, оның әрбір гектарынан 18 центнерден өнім аламыз.

Тракторлар екі сменада бірдей жұмыс істейді. МТС дирекциясы мен колхоз басқармасы механизаторлардың үлгілі жұмыс істеуі үшін толық жағдай тудызып отыр. Колхоз бригаданы үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етеді. Жанар, жағар майларын тасу және тіркеуші болып істеу үшін жұмысты сүйіп істейтін тыңғылықты колхозшылар бөлінді.

Бригада мүшелері жарық, жайлы вагоншада тұрады. Вагоншаның іші ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Мұнда шағын кітапхана, радиоқабылдағыш, орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер бар. Вагоншаның ішіне орнатылған радиация арқылы машина-трактор станциясымен үнемі байланыс жасап тұрамыз.

Бригадада әрбір бескүндік сайын жауынгерлік листоктер шығарылады. Онда озат механизаторлардың жұмыс тәжірибелері жазылып, кейбір кемшіліктер сыңа алынады. Бригададағы партия тобының жетекшісі О. Бошанов жолдаспен бірлесіп отырып, осы кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар қолданып отырамыз. Механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа әрбір бескүндік сайын қорытынды жасалады. Онда озып шыққан механизаторларға бригаданың ауыспалы туы тапсырылады.

Біз қол жеткен табыстарға төкпейісіз, еселенген қарқымымен еңбек ете береміз. Көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзім ішінде аяқтап, жаңа жерлерде жаңа табыстарға жетеміз.

Ә. АСАДУЛАЕВ

Преснов ауданы. Баян МТС-нің
жаңа жерлерді игеретін № 25
трактор бригадасының бригадирі
Социалистік Еңбек Ері.

Шақыруды қостаймыз

Коммунистік партия мен Совет Үкметі астық өндіруді жедел арттыру ісін қамтамасыз ету үшін не керектің бәрін істеуде. Быйыл Баян МТС-нің мен басқаратын № 17 трактор бригадасы жаңадан келген бір «С—80», төрт «ДТ—54» тракторларымен және жеткілікті мөлшерде тіркеу саймандарымен жабдықталды. Бригадала бұлардан басқа сапалы жөнделген бір «У—2» тракторы бар. Бұл қуатты техниканы жұмыс істейтін механизаторлардың барлығы да партиямыздың шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге Москва, Свердлов облыстары мен Алматы қаласынан келген жас патриоттар. Біз жұмыс істейтін Киров атындағы колхоздың басшылары бригаданы тіркеуші, май, су тасушы, асбасшы сыяқты адамдармен толықтырды.

Бригада мүшелерінің алдында быйыл Киров атындағы колхозда 2500 гектар тың және тыңайған жерлерді игеру, оның 360 гектарын үстеміздің көктемде жұмыс-

Механизаторлар техника қуатын тиімді пайдалана отырып сменалық, күндік және бескүндік тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап келеді. Тыңды жыртуға, тырмалауға, дискелеуге және оған тұқым себуге сменалық тапсырмалары 100 проценттен кем орындаған бірде-бір тракторшы жоқ. Ал, өзара социалистік жарыста алда келе жатқан москвалық Б. Шлычков, А. Рябов, алматылық К. Ахметов, В. Алексеев жолдас «ДТ—54» тракторымен сменалық тапсырмаларын үнемі 125—130 процент етіп артық орындап жүр.

Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыру жолындағы қол жетіп отырған осындай табыстары, колхоздың даласында кәзірдің өзінде 300 гектардан астам тың көтеругімізді, оның жартысынан көбіне тұқым сеууді үлгеруімізді қамтамасыз етті. Бұл әрине, қуанарлық іс.

Бірақ, бізді бұл табыс қанағаттандыра алмайды. Біз көктемгі егіс жұмыстары басталмас бұрын «Баян» колхозында жұ-

тан бригадала мүшелері өзара социалистік жарыстың соңғы бескүндігінің қорытындысында бізде әлі де болса толық пайдаланылмай отырған резервтердің бар екенін атап айтты. Мәселен, бізде сменалардың ауысуына, тракторларға май құюға, тракторшылардың тамақтануына уақыт көбірек жұмсалып жүр. Бұларға кететін уақытты үнемдеу есебінен еңбек өнімділігін арттыра беругімізге болады.

МТС пен колхоз басшылары бригада мүшелерінің жұмыстан бос уақытта мәдениетті демалуына жағдай тудызып отыр. Біздің бригадалада 20 кісілік орны бар шатыр берілді. Оның ішінде кітап қоры мол кітапхана бар. Оған орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттердің жаңа номерлері мен журналдар күн сайын жетіп тұрады. МТС дән күнбе-күн байланыс жасап отыратын радиация орнатылған. Радиоқабылдағыш еліміздің барлық жерлерінен күнделікті хабарларды айтып тұрады. Бригадада бекітілген үгітшілер С. Әбілқайыров, А. Калмыков жолдас және

ға қалай жетті? Алдымен бригадала егіс жұмыстарын тез әрі сапалы аяқтау жолындағы социалистік жарыс кең өріс алған. Тракторшылардың барлығы да өзара социалистік жарысқа түсіп, бірі бірінен озып шығу үшін күресуде.

Мұнымен бірге, бригадала еңбек дұрыс ұйымдастырылған. Тракторшылар бірде бір жұмыс сағатын босқа өткізбей, оны тиімді пайдаланады. Тракторшыларға, тіркеушілерге тамақ жұмыс басына апарып беріледі. Тамақтану кезінде трактор қарап тұрмайды. Бұл кезде оларды келесі сменадағы тракторшылар мен тіркеушілер ауыстырып отырады. Жанар жағар майлары, су, тракторлардың жұмыс істеп жүрген жеріне мезгілімен жеткізіледі.

Кейбір тракторшылардың әлі іс тәжірибесі аз. Бригадир Чернуха және оның көмекшісі Рупов жолдастар оларға күнбе-күн көмек көрсетіп отырады. Жас трак-

тор бригадасының жұмысында елеулі кемшіліктердің барлығын көрсетеді. Мұның өзі колхозда егіс жұмыстарының ұзаққа созылу қаупін туғызады. Бұл кемшіліктерді жою үшін бригада мүшелері өздерімен жарысушы № 3 бригаданың мүшелерінен көп үйренулері керек. Олар еңбек ұйымдастыру, тракторлардың қуатын пайдалану, жер жұмыстау сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі № 3 бригаданың іс тәжірибесін кеңінен қолдануға тиіс.

Жергілікті партия, совет ұйымдары өзара социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалуын әрбір бригадала бойынша күнбе-күн қадағалап, білуге, озықтардың іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруға, сөйтіп, колхоз, МТС, аудан бойынша еңбек өрлеуін туғызып отыруға жетісуге міндетті.

Т. КӘДІРОВ,

ҚАРАҚСҒА. (Ариаулы тілшіміз).

№ 1 трактор бригадасының жұмысында елеулі кемшіліктердің барлығын көрсетеді. Мұның өзі колхозда егіс жұмыстарының ұзаққа созылу қаупін туғызады. Бұл кемшіліктерді жою үшін бригада мүшелері өздерімен жарысушы № 3 бригаданың мүшелерінен көп үйренулері керек. Олар еңбек ұйымдастыру, тракторлардың қуатын пайдалану, жер жұмыстау сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі № 3 бригаданың іс тәжірибесін кеңінен қолдануға тиіс.

Қ. МҰСТАФИН,

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары.

Жас патриоттар егін даласында

Тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен келген Краснодарлық жас патриот-механизаторлар М. Киринов және В. Караманьян кәзір «Еркіндік» колхозының (Совет ауданы) егін даласында қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Олар өздеріне бекітіліп берілген жаңа «ДТ—54» тракторымен тың жерлерді айыруда күндік тапсырманы үнемі артығымен орындайды.

А. ЫСҚАҚОВ.

27 апрельде кірісті. Бұрын паут түрленіп көрмеген жер қыртысының тоңы бұл кезде жаппай жігіп үлгермегеніне қарамастан, көктемде бидай егілетін жаңа жер участоктарын іріктеп жұрта бастады. Сол күннен бастап біздің бригада мүшелерінің жаңа техниканың күшін жаңа жерлерді игеруге өнімді пайдаланып, көктемгі егіс жұмысын ең қолайлы агротехникалық мерзім ішінде, жоғары сапада аяқтап шығу жолындағы өзара социалистік жарыста кең құлаш сермеді.

Содан бері міне, 12 жұмыс күні өтті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партияның шақыруы бойынша Краснодар өлкесі, Ново-Кубань МТС-інен Октябрь ауданы, Коновалов МТС-іне келген И. Лебедев жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы осы аудандағы

ратын № 25 трактор бригадасы коллективінің социалистік жарысқа шақыруын қарсы алды. Олар кәзір еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Бұл бригадалағы Г. Хамитов, В. Кравченко сыяқты озат тракторшылар «С—80» тракторымен смена сайын бір-жарым, кейде одан да артық норма орындап жүр. Ал, техника күші, жер жағдайы және өнімді еңбек етуге туғызылып отырған мәдени тұрмыстық жағдайлар екі бригадала бірдей. Ендіше, социалистік жарыста № 25 трактор бригадасынан біздің кейін қалуымызға болмайды. Сондық-

КӨТЕРІҢКІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

«Путь коммунизма» колхозында жұмыс істеуге тағайындалған болатын. Бұлардың қарауына қуатты «С—80», «ДТ—54» тракторлары бекітілген.

Бригада мүшелері «С—80» тракторымен быйыл 2500 гектар, «ДТ—54» тракторы-

мен 2 мың гектар жер жұмыстауға егін орағы маусымында 800 гектар жердің егінін 15 күнде жыйнауға міндеттеме алды. Сөйтіп, осы МТС-тің № 17 комсомол-жастар бригадасын социалистік жарысқа шақырды.

И. КАЛМЫКОВ,

Преснов ауданы, Баян МТС-нің жаңа жерлерді игеретін № 17 трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері.

мен 2 мың гектар жер жұмыстауға егін орағы маусымында 800 гектар жердің егінін 15 күнде жыйнауға міндеттеме алды. Сөйтіп, осы МТС-тің № 17 комсомол-жастар бригадасын социалистік жарысқа шақырды.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

Егіншілерге кеңес

Сапалы өңделген пар мен зябь—мол өнімнің негізі

Республикамыздың көптеген колхоздары мен совхоздары жыл сайын парды көптеп жыртып, оны баптау жұмыстарын агротехникалық ережелерге сәйкес өткізу арқылы дөңді дақылдардан, әсіресе, жаздық бидайдан мол өнім алып келеді. Ондай шаруашылықтар пар жыртыу жұмысына жете көңіл бөліп, оны көктем егісімен ұштастыра жүргізеді.

Сапасыз жыртылған және жақсы өңделмеген парға егілген егіннен мол өнім алынбайтынын колхозшылар жақсы біледі. Жақсы өңделген пар егіндік жерді арамшөп өсімдігінен тазартып, ауылшаруашылық дақылдардан мол өнім алуға қолайлы жағдай туғызады. Арамшөпті құртып, жерде ылғалдың мол сақталуын және қоректі заттардың көп болуын қамтамасыз ету үшін парды терең егін бір рет жыртып қана қоймай, оны келешекте дұрыстап өңдеу және баптау керек.

Парды өңдеу жұмыстары жыртылатын жердегі арамшөптің биологиялық өзгешеліктерінің негізінде ұйымдастырылады. Негізгі биологиялық өзгешеліктеріне байланысты арамшөптер біржылдық және көпжылдық деп екіге бөлінеді. Біржылдыққа жататын арамшөптер—қарасұлы, жабайы шалғам, ярутка, ірі дөңді күрмек, қара көстер тағы басқалары. Көпжылдыққа жататын арамшөптер—бидайық, тік-құлақ, свинорой, тікенші, қызылмыя мен күмәй және басқалары. Егіншіліктің шөнтанапты жүйесінің негізін салушы Академик В. Р. Вильямс пар жыртылған жердегі арамшөптен күресу мәселесін атап көрсетті. Пар жыртылған жердегі арамшөп тұқымы мүмкіндігі болғанына жақсы өнетін жағдайға орналастырылады. Топырақтың үстіңгі қабатына өніп шыққаннан кейін олар тікелей өңдеу арқылы жойылады. Осылай өңдеудің өзінде неғұрлым терең қабаттынан шыққан арамшөптердің өңделуіне мүмкіндік беріледі.

қойылады. Жер жыртылу тереңдету міндеті ауыспалы егістің шөп танаптарын жыртықанда орындалуы шарт. Жерді тереңдігі 25—28 сантиметрде егін 2 қайтара жырты ауыспалы егістің кезектесу тәртібі үшін өте пайдалы. Мұнда терең жыртылған жерге егілетін дақылдардың өнімі ғана артып қоймай, сонымен бірге ауыспалы егіс танабындағы басқа егістердің де өнімі артады. Әсіресе, техникалық күнбағыс, картоп, овощ және басқа да бағалы егістер егілетін жерді терең жыртыу өте пайдалы болады. Бұл егістер үшін жерді жыртыу тереңдігі 25—28 сантиметрдей болуға тиіс.

Ал, ағаш отырғызылатын жердің тереңдігі 30 сантиметрде жыртылады. Жерді терең жыртыудың үлкен пайдалы екенін ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлыларының, Социалистік Еңбек Ері Ерлінің тамаша тәжірибелерінен айқын көруге болады. Мысалы Талдықорған облысындағы «Дальний-Восток» колхозының председатели Социалистік Еңбек Ері Шин-Хен-Мун жолдас былай дейді: Біздің колхоз ешқашанда жерді 22—25 сантиметрден тайыз жыртыпайды. Біздің колхозда трактормен жыртықан жерге егілген егіннің өнімі көлікпен жыртып егілген егін өнімімен салыстырғанда 2—3,5 центнердей артық болып отырады.

Егер егін орылып алынғаннан кейін аңыз сыдыра жыртылған болса онда егіннің өнімі тағы да 1,5—2 центнер артық болады. Осы сыяқты Шортанды тәжірибе станциясы арамшөбі көп учас-токті қосымша түрені бар соқамен тереңдігін 25 сантиметрде май айында парға жыртықан. Жазда сол жерге 3 рет культитокті қосымша түрені бар соқамен тереңсіз соқамен тереңдігі 17—20 сантиметрде қосытылған. Осының нәтижесінде бұл жер арамшөптен мүлдем тазартылған.

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Жамбыл атындағы колхозы 1952 жылы 40 гектар жоңышқаны парға егін, 2 рет қосытып, 2 рет культивациялады. Көктемде жер қоректендіріліп, ауыр тырмамен тырмаланды. Арамшөптен тазартылған жоңышқаның гектарынан 2,5 центнерден тұқымдық дән алынды.

Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозының (Оңтүстік Қазақстан облысы) егіс бригадасы 105 гектар «Милитурум 553» сортты бидайды парға егін, гектарынан 15 центнерден өнім жыйнады. Тұқымды себер алдында 5—6 күндей ауа жылуына қыздырып, оны дәрімен дәрілеуді ұйымдастырды. Тұқым тарқатарлы әдіспен себіді. Осы облыстағы Полудень ауданының Чапаев атындағы колхозында да 12 гектар судан шөбі егілген пар 2 рет культивацияланып, ауыр тырмамен тырмаланды. Қыс кезінде 60—70 сантиметр қалыңдықта қар тоқтатылды. Көктемде қар суын бөгеп, тұқым себер алдында культивация жүргізілді. Әрбір гектарға 16 килограмм тұқымды қатарлап сеуіп, аңызды жергілікті тыңайтқыштармен қоректендірді. Бұл егістің өнімі әрбір гектар бойынша 300 центнерге жетті.

Осы ауданның «Красное знамя» колхозында 60 гектар жаздық бидайды парға тоғыспалы әдіспен себіліп, оның гектарынан 22 центнерден өнім жыйналды. Осы сыяқты Буденный атындағы колхозда 14 гектарға жоңышқа егілетін аңыз 28 майда 2 рет культивацияланды және 2—3 рет тырмаланды. 2 рет қосытылды. Колхоз жоңышқадан мол өнім жыйнады.

Агротехникалық маңызы жағынан қара пар ерте май, июнь айларында жыртылған таза парға қарағанда анағұрлым артық болады. Сондықтан колхоздар қара пар жүйесіне көшуі керек. Пар жыр-

тудың қай түрі болсын неғұрлым ерте жыртылса, солғұрлым оның құнарлығы артық болады. Академик В. Р. Вильямс егіншіліктің шөптанапты жүйесінде жерді арамшөптен тазартудың ең басты шарасының бірі қара пар екенін атап айтты. Ылғал шамалы ғана түсетін аудандарда парды көктемде алғашқы 1—2 рет луцильникпен сыдыра жыртыудың орнына, топырақтың үстіңгі қабатын аудартып жібермей арамшөпті қырқып отыратын табанды культиватормен өңдеген жөн. Мұнда өңдеу тереңдігі тайыздан тереңдей, тереңнен тайыздалады. Пар жыртылған жерге көң төгіліп, ол күздік тұқымдар етуге арналса, онда оны егіс алдынан 15—20 күн бұрын 20 сантиметр тереңдікте қайта жыртылады. Парды қайта жыртықанда пауттің қосымша түрені алынады. Бұл жаздағы төгілген көңнің топырақпен бірге жақсы араласуы үшін жүргізіледі. Парды қайта жыртып тек қана ылғал көп түсетін аудандарда қолданылады.

Қосымша түренді плугпен тамырын жайып өсетін бидайық (көпжылдық арамшөп) шыққан жерлерді тамыр сабағының келетін тереңдігіне дейін жыртып, содан парды дискелеудің қандай маңызы бар екенін Семей облысы, Барадулика ауданы, Киров атындағы колхоздың агрономы Шевченко жолдасының 1949—1950 жылдары жүргізген тәжірибесінен айқын көруге болады.

Тамырын жайып өсетін арамшөп басқан 75 гектар учас-тоқ 7 июньде 20—22 сантиметр тереңдікте қосымша түрені қойылған плугпен жыртылған. 29 июньде өніп шыққан бидайық 8—9 сантиметр тереңдікте дискелі луцильникпен өңделді. 15 күннен кейін бидайық жаңадан өне бастады. 7 июльде пар қайтадан дискеленді. Ал, 2 августа пар қосымша түренсіз плугпен жыртылып, оған 6 августта қара бидай егілді. Осы көрсетілген әдіспен өңделген учас-тоқтерде 1950 жылғы майда күздік қара бидай егісіне байқау жүргізгенде бидайық кездеседі.

Қара парды өңдеуде дискелі трактор

луцильнигімен егін орағының ізінше аңыз сыдыра жыртылады. Аңызды сыдыра жыртыуды егін жыйнау машинасымен бір агрегатта, немесе, егін орағының ізінше іле-шала жүргізген дұрыс. Аңызды сыдыра жыртыу—өнімнің молаюына мүмкіндік береді.

Қостанай облысындағы Қарабалық селекция станциясы өткен жылы жасаған тәжірибесінде аңызды сыдыра жыртылмаған жерге себілген жаздық бидайдың гектарынан 19 центнер өнім алынса, ал аңызды сыдыра жыртылған егістің гектарынан 21,3 центнерден өнім алынды. Осы облыстағы Ленин атындағы колхоз аңызды сыдыра жыртып, одан кейін пар жыртықан. Осыдан кейін ол учас-тоқті сапалы өңдеп, жаздық бидай тұқымын сеппекен. Бұл учас-тоқтегі егіннің әрбір гектарынан екі центнер өнім басқа учас-тоқтегі егіннің өнімінен артық болған.

Аңызды сыдыра жыртып, одан кейін оны зябьке жыртыса, егіс алаңына шыққан арамшөп көктемде жыртылып егілген жердегінен 50 процент кем болады. Тамырын жайып жіберіп өсетін учас-тоқтердегі шыққан арамшөптерді ұзын бойына және қалденең етіп сыдыра жыртыу керек. Бұл әсіресе, бидайықтың тамыр сабағын қырыту үшін қажет. Әдетте аңызды сыдыра жыртыудың тереңдігі негізгі арамшөп тамыр сабағының жайылған тереңдігіне байланысты 8—12 сантиметр тереңдікте жүргізіледі.

Республикамыздың оңтүстік және орталық облыстарында тамырын жайып жіберіп өсетін арамшөп шыққан жерлердің топырағын аудартып жібермейтіндей етіп сыдыра жыртыу керек. Оны көп қорықты плугтің қосымша түренін алып тастау арқылы жүргізуге болады. Сыдыра жыртылған аңыз тырмаланбайды. Аңызды сыдыра жыртыудың маңызы қаншалықты зор екенін В. Р. Вильямс атындағы жер қыртысы агрономиялық станциясының Ростов облысындағы «Новая жизнь» колхозында жүргізген тәжірибелерінен айқын байқауға болады. 1945 жылғы тәжірибе жүргізген учас-тоқтегі бір

шаршы метр жерде 30 қызғылт қалуен өсімдігі болады. 1946 жылғы егінді орын алғаннан кейін 10—12 сантиметр тереңдікте аңыз сыдыра жыртылған учас-тоқтегі бір шаршы метр жердегі қызғылт қалуеннен—10 өсімдік қалған. Ал, аңызды сыдыра жыртылмаған жерлерде қызғылт қалуен өсімдігі 65 ке дейін артқан. 1947 жылы сыдыра жыртылған учас-тоқтердегі арпаның гектарынан 21 центнер өнім жыйналса, сыдыра жыртылмаған учас-тоқтегі арпаның гектарынан 6,7 центнер ғана өнім алынды.

Сыдыра жыртылғаннан кейін 10—15 күннен соң аңыз түренді плугпен 22—25 сантиметр тереңдікте зябьке жыртылады. Көңі мол шаруашылықтар дөңді егіс тұқымын сеппекеннен кейін пар жыртылған жерлерге көңді тасып жұмыстайды. Көңді барлық жерге бірдей тегіс етіп жайып жіберу керек. Тәжірибеге қарағанда көктемдегі тырмаланған жер тырмаланбаған жерге қарағанда ылғалды мол сақтайды.

Бұдан кейін жерді өңдеудің тағы бір қолайлы әдісі—парға қалақты культивация жүргізу болып есептеледі. Мұнда екі түрлі мақсат көзделеді. Біріншіден, өскен арамшөптерді культивацияның дискесі кесіп күртсе, екіншіден жердің қабатын тұқым сіңірілетін тереңдікке дейін жұмсартып және өсімдіктің тез өсіп өнуіне қолайлы жағдай жасайды. Культивациялау жерді тырмалаумен қатар жүргізіледі. Арамшөптерге қарсы күресті ерте жыртылған таза пардың орнына қара парға қолдану өте тиімді. Мұның өзі көп игі нәтижесін береді.

Жерде ылғалдың мол сақталуын, қоректі заттардың мол болуын, егістік жерлердің арамшөптен таза болуын қамтамасыз ету үшін егісті сапалы өңделген пар мен зябьке етуге жетісейік!

А. СУЛЕИМЕНОВ,

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауылшаруашылық насихаты басқармасының аға агрономы.

Орыстың ұлы сатирик жазушысы

(М. Е. Салтыков-Щедриннің қайтыс болғанына 65 жыл толуына)

Орыстың ұлы сатирик жазушысы Михаил Евграфович Салтыков-Щедриннің қайтыс болғанына 65 жыл толды. Өзінің дүниесі әдебиетінде теңдесі жоқ шығармасымен, езілгендер мүддесін қорғауға арналған әлеуметтік-саяси қызметімен ұлы орыс халқының мақтанышы болып табылатын данышпан жазушының терең идеялы, саяси мазмұнды өткір сатирасын совет халқы және прогресшіл адамзат баласы зор сүйіспеншілікпен өте жоғары бағалайды.

М. Е. Салтыков-Щедрин 1826 жылы бұрынғы Тверь губерниясы, Спас-угол селосында помещиктің семьясында туды. Ол бала жасынан бастап-ақ өзінің айналасындағы теңсіздікті, қорлаушылықты, азаптаушылықты көріп, орыс крепостной шаруаларының жан төзбес ауыр-бейнет азабының, ар шыдамас қорлықта отырғандығының куәсі болды. Өзінің жас шағындағы бұл әсерлерін ұлы жазушы «Пошехонская старина» деген шығармасында толық суреттейді.

Халықтың қайғылы өмірін көріп қаты ашынған Салтыков-Щедрин өзі шыққан езуші таптан қол үзіп, еңбекші бұқараның қорғаушысы болуға белді бекем байлады. Сөйтіп, ол орыс революцияшыл демократиясының және әдебиетінің тарихында халық мүддесі үшін күрескерлер қатарынан орын алды.

Әдебиет майданына алғаш араласуынан бастап-ақ Салтыков-Щедрин өзінің өткір қаламын әділетсіз құрылысқа қарсы жұмсады. Бұл күресін ол өзінің ақтық демі біткенше тоқтатқан жоқ.

Ұлы жазушы өзінің алғашқы «Шатасқан іс» атты ірі шығармасында сол кездегі Россияның қоғамдық құрылысын, езуші таптардың жауыздық әрекеттерін өлтіре әшкерелейді. Патша өкметі Салтыков-Щедринді осы шығармасы үшін саяси сенімсіз адам деп тауып, тұтқынға алды. 1848 жылы оны Вятка губерниясына 8 жылға жер аударды. Айдауда өткен уақыт жазушының өмірінде үлкен із қалдырады: бұл жылдар оған халықтың ауыр еңбегі мен азабын, үстем таптардың жыртықшылдықтың бұрынғыдан да жете тексеріп білуіне мүмкіндік береді.


1856 жылы айдаудан қайтып келгеннен кейін ол өзінің зор талантын, күш-қайратын айналасындағы шектен шыққан сұмдықтардың шын сырын жете әшкерелеуге жұмсайды.

1863—64 жылдары Салтыков-Щедрин орыстың ұлы ақыны, революционер-демократы Некрасовтың басқаруымен шығатын «Современник» журналында қызмет істейді. Мұнда ол көрнекті публицист және әдеби сыншы ретінде өзінің саяси мазмұнды, әңгіме, очерктерін, мақалалары мен рецензияларын жариялайды.

М. Е. Салтыков-Щедриннің өмірге көзқарасы орыстың ұлы революционер-демократтары Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың саяси идеялық ықпалымен қалыптасты. Олардың ұлы дәстүрін өз бойына дарытқан ол өмірінің ақырына дейін езуші таптарға қарсы күрес туын қолынан түсірген жоқ.

идеяларының шын мәніндегі бірден-бір мұрагері болуын қамтамасыз етті.

Патшалық Россияның билеушілері ұлы сатирик жазушыны мейлінше жек көрді, оны үнемі қудалап, шығармаларына үздіксіз тыйым салып отырды. Ал, 1884 жылы «Отечественные записки» журналын жауып, жазушыны өзінің трибуна-



сынан айырды. Журналдың жабылуы Салтыков-Щедринге ауыр соққы болды. Ол 1889 жылы 10 майда ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін Петербургта қайтыс болды.

Салтыков-Щедрин өзінің артына бай мұра қалдырған ұлы сатирик жазушы. Оның шығармасындағы ең басты ерекшелік — өмірді терең тексеріп, жете біліп, оның нақ шындығын саяси мазмұнды өткір сатирамен бере білуінде. Оның шығармалары өзінің қызықты оқығасы, ұдай ащы тілі, өткір ойымен ғана емес, өмір шындығын ұлы жазушыға тән шыншылдықпен көрсетуімен де таңдандырады. Ол өзінің ызалы және аяусыз сатирасында Грибоедов пен Гогольдің ұлы дәстүрлерін алға апарушы болды.

Оның өмірі бұқара халықтың ауыр жауларына қарсы кескілескен күреспен өтті. Ұлы жазушы өзінің идеялық дүниесінен әлде қайда басым тұрды. Бұл Салтыков-Щедриннің оптимизмге толы шығармасында айқын көрінеді. Өзінің «Бір қаланың тарихы», «Ташкенттік мырзалар», «Помпадуралар мен помпадуршалар», «Шет елдерде» сыяқты шығармаларында сол кездегі самодержавиялық құрылыстың күн санап іріп-шіріп бара жатқандығын, болашақта әділетті идеялардың сөзсіз салтанат құратынын сенді. Өйткені ол «орыс адамының үнемі өсе беретініне берік сенетін».

М. Е. Салтыков-Щедрин өзінің «Головлев мырзалар» атты ең күшті жазыл-

дегі үстем таптардың мінез-құлқындағы және іс әрекеттеріндегі былғанышты, әрі жіркенішті, лас қылықтарды үлкен көркемдік шеберлікпен жыйнақтап бере білген. Сондықтан да В. И. Ленин жұмысшы табының революциялық күресіне опасыздық еткен барлық жауларды — қадеттер мен меншевиктерді, либералдарды және Каутский мен Троцкий сыяқтыларды барып тұрған Пудушка деп атады.

Революционер-демократ және патриот Салтыков-Щедрин орыс аристократиясының Батыс Еуропа мәдениетінің алдында бас июін, ұлтшылдығын және космополитизмін, өзінің туған халқын менсінбей, оған жіркенішпен қарайтындығын аяусыз батыл сынады.

М. Е. Салтыков-Щедрин ұлы орыс халқының нағыз шын патриоты болды. Ол туған халқын шексіз сүйген адал ұл еді. «Мен орыс халқының күшіне, өмірге бейімділігіне сенемін, мен орыс солдаттың сыннан өткен жанқиярлығына сенемін», — деген еді ол.

Өз Отанына, өз халқына шексіз берілгендік оның барлық реакцияшылдыққа, менсінбейлікке қарсы жалынды күресінің күн алар қайнар көзі болды. Сондықтан да ол демократиялық және прогрестік идеялардың салтанат құруының шын маңысындағы жаршысы бола алды.

Ұлы жазушының шығармаларының тәрбиелік және дүние танушылық ролі аса зор. Оның шығармалары оқушыларды Отанға сүйіспеншілік, адамгершілік, революциялық қырағылық, моральдік-саяси бірілікке, сонымен бірге адам санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы күреске шақырады.

Пролетариаттың ұлы көсемдері Ленин мен Сталин Салтыков-Щедринді өте жоғары бағалап, Отан жауларын әшкерелеуде ол жасаған тамаша образдарды үнемі пайдаланып отырды.

Көзіргі күнде Салтыков-Щедриннің дәстүрін совет әдебиетінде ілгері дамыту ісіне өте зор маңыз берілуде. Коммунистік партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында Г. М. Маленков жолдас былай деді:

«Бізге теріс нәрсенің, ірік-шіріктің, өліп-өшкеннің бәрін, ілгері басуға кедергі келтіретіннің бәрін сатирамен өртен отыратын совет Гогольдері мен Щедриндері керек».

Салтыков-Щедриннің өз шығармасында жасаған алуан түрлі образдары совет халқына өз жауларын танып білуде, совет қоғамындағы санасында әлі де болса капитализмнің қалдықтары бар кейбір адамдардың жіркеніштілігін, өз басының қамы үшін ғана қызмет істейтіндігін әшкерелеуде тамаша құрал болып табылады.

Ұлы сатирик жазушының творчестволық қызметі, халық мүддесі үшін күреске толы өмірі совет адамдары үшін зор үлгі болып табылады. Өзінің саналы өмірін тек қана бір мақсатқа — бұқара халықтың болашақта бақытты болуына арнаған ұлы жазушы-күрескер бүкіл совет халқына өте қымбатты.

Американ жағы Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді бұзуда

Уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның Поляк және Чехословак мүшелерінің баяндамасы

ПЕКИН, 6 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

30 апрельде уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның Поляк және Чехословак мүшелері Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесінің уақытша бітім туралы келісімді бұзып отырғандығы, мұның өзі Оңтүстік Кореяға соғыс күштерін жеткізуден айқын көрінгендігі туралы уақытша бітім жөніндегі соғыс комиссиясына баяндама тапсырды. Бұл баяндама 1953 жылғы 27 июльден 1954 жылғы 15 апрельге дейінгі уақытты қамтыды.

Баяндамада былай делінген: уақытша бітімге қол қойылған кезден бері Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі Кореядағы соғыс материалдарын ауыстырған кезде белгіленуі принципті ешуақытқа да сақтаған емес, ал осы принцип бойынша басқа соғыс материалдарының орнына келіп түсетін соғыс материалдары өзінің саны, тиімділігі және типі жағынан басқа материалдармен бірдей болуға тиіс. Мысалы, 1954 жылғы марттың аяғына дейін Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі Оңтүстік Кореяға әртүрлі типтегі соғыс самолеттерін одан алып кеткендегінен 97 машина артық алып келген. Қандай самолеттерді соғыс самолети деп санау керек екені жайында қол жеткен келісімді бұрмалап, Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі самолеттердің кейбір типтері соғыс самолеттеріне жатпайды деген біржақты мәлімдеме жасап, бұл самолеттердің Кореяға жеткізілгендігі туралы баяндаудан бастартты.

1954 жылғы 15 апрельге дейін мұндай самолеттердің саны 177 болған.

Инспекциялық топтардың анықтағанындай, — деп көрсетілген баяндамада, — Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі уақытша бітім туралы келісіммен белгіленген жүк түсіру пункттеріне тоқтатқан соғыс самолеттерін Кореяға тікелей жеткізіп келген.

Баяндамада былай деп атап көрсетілген: Кореяға соғыс күштерін жеткізуге жол бермеу мақсатымен уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссия Кореяға жеткізіліп жатқан барлық соғыс материалдарының құрастырылмаған және запас бөлшектерін тексеру жөнінде бейтарап инспекциялық топтарға нұсқау берген болатын. Бірақ, Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі жоғарыда көрсетілген комиссияның және оның инспекциялық топтарының бұл тексеруі жүзеге асыруына рұқсат бермей келеді. Комиссияның қолындағы мүлде толық емес мәліметтер бойынша 1954 жылғы февральдың аяғына дейін Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиесі Кореяға соғыс материалдарының өте көп ыдыратылған және запас бөлшектерін жеткізген, бұл материалдарды комиссия мен инспекциялық топтар тіпті тексермеген. Осы бөлшектерден мынадай қару-жарак-

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫНДАҒЫ САУДА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ЖЕНЕВА, 6 май. (СОТА). 20 апрельден 3 майға дейін Женевада 25 елдің, соның ішінде — СССР, Англия, Франция, Италия, Бельгия, Швеция және басқа елдер өкілдерінің, сонымен қатар, ГДР мен Батыс Германия өкілдерінің қатысуымен, Шығыс және Батыс Еуропа елдерінің арасындағы сауда мәселелері жөнінде консультациялар алысты.

Консультация алысу аяқталғаннан кейін председателдік етуші — БҰҰ-ның Еуропаға арналған экономикалық комиссиясының орындаушы секретары Мюрдаль мырза мәлімдеме жасап, бұл мәлімдемеде БҰҰ-ның Еуропаға арналған экономикалық комиссиясы 1953 жылғы апрельде өткізген осындай бірінші консультация алысудан кейін Шығыс және Батыс Еуропа арасында сауданың көлемін арттыруда және Шығыс пен Батыс арасында саудамен төлем қатынастарын жақсартуда қол жеткен табыстарды атап көрсетті. 3 майда аяқталған екінші рет консультация алысудың негізгі жетістігі, деп мәлімдеді Мюрдаль, мынау болып табылады: көпжақты және екіжақты келіссөздердің барысында сарапшылар сауда мен төлем қатынастарының ұйымдастыру құрылымын жақсарту жолымен Шығыс пен Батыс арасында сауданы ұлғайтудың және бір ізге салудың нақтылы мүмкіндіктерін өзара түсінісу рухында зерттен шықты.

Өткен жылғы Шығыс пен Батыс арасында сауданың өркендеуіне келетін болсақ, мұнда кейбір қолайсыз жағдай бола тұрса да, дегенмен, Шығыс және Батыс елдерінің көпшілігі арасында сауданың едәуір ұлғайғаны және олардың екіжақты сауда қатынастарының жалпы алғанда жақсара түскені айқын. Келіссөздердің барысында қиыншылықтар, сондай-ақ, сауданы өркендетуге мүмкіндіктер бар екені анықталды, бұл қиыншылықтар мен мүмкіндіктер кейіннен болған екіжақты келіссөздерде талқыланды. Атап айтқанда экспортқа, немесе импортқа керекті белгілі товарлардың бар-жоғы туралы, лицензиялар беру туралы, ұзақ мерзімде сауда және төлем келіссөздері туралы, көпжақты келісімдер және басқалары туралы мәселелер талқыланды. Сонымен, сауданы оған әрі өркендету негізі әзірленді.

Алдын-ала жүргізілген көпжақты келіссөздердің барысында сарапшылар көзінде жасалған немесе талқыланып отырған келіссөздерде көзделген товарларға қосымша өз елдерінің 1954—1955 жылы қандай нақты товарлармен және қандай мөлшерде сауда жасауға әзір екендігін көрсетті. Соның өзінде Шығыс пен Батыс арасындағы саудада болуы ықтимал товарлардың түрін молайтуға ұмтылған талап бар екендігі анықталды. Сауда және төлем келісімдерінің мерзімдерін ұзарту және басқа шаралар жүргізу жолымен Шығыс пен Батыс арасында сауданы бір ізге салуға күш жұмсау мәселелері талқыланды.

Секретариат күнілгері белгілеген кездесу графигіне сәйкес, деп хабарлады Мюрдаль мырза, алдын-ала жалпы консультация алысу аптасынан кейін Шығыс

алдыңғы қатарлы прогресшіл орыс жазушыларын өз маңайына топтастырып, крепостнойлық пен паризмге қарсы күрестің жаршысы болған «Отчественные записки» журналында Салтыков-Шедрин 16 жыл бойы қызмет етті. Ол ұлы ақын Некрасов қайтыс болғаннан кейін бұл журналдың бас редакторы болып, оның ұлы революционер-демократтардың озат

дұшқа Головаевтің бейнесін дүниежүзінде ешқандай әдебиетте болмаған күшпен көрсетіп, барлық үстемдік етуші қанаушы, масыл таптардың құрыштыңдығы тарихи заң екендігін көрсетті, олардың опасыздығын, екіжүзділігін, зұлымдығын және шектен шыққан жауыз, адам бейнесінен айырылған аюан екендіктерін өлтіре сынады. Пудушканың образында Салтыков-Шедрин капитализм дүниесін-

жарысы болып, Россияның әлеметтік қоғамдық тарихынан құрметті орын алған ұлы сатирик жазушы М. Е. Салтыков-Шедринді совет халқы әрқашан да зор құрметпен еске түсіріп, мәңгілік есте сақтайды.

С. ЕСЕНДӘУЛЕТОВ,

К. Д. Ушинский атындағы оқытушылар институтының тіл-әдебиет факультетінің студенті.

Сауда жұмысы халық тілегіне сай болсын

(Тілші хаттарына шолу)

Партиямыз бен үкметіміз халықтың материалдық әл-ауқат дәрежесін жақсартуға күнбе-күн зор қамқорлық жасауда. Қала, сондай-ақ ауыл-село дүкендеріне халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының барған сайын көптеп түсуі осындай аталық қамқорлықтың айқын сыйпаттамасы болып табылады. Ал, тұтынушыларды мінсіз қамту, олардың қалаған товарларын уақытылы сатып алуын қамтамасыз ету — сауда қызметкерлерінің айыбды міндеті.

Сауда орындарының жұмысы, әсіресе, олардың тұтынушыларды қамтуы жөніндегі жұмысы туралы ауыл-село тілшілерінен редакцияға хаттар көптеп түсіп жатыр. Олардың хабарлауына қарағанда селолық жерлерде біркатар дүкендер сатып алушыларды қамту ісін жақсартып түскен.

— Ленин селолық тұтынушылар қоғамының «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы (Октябрь ауданы) дүкенінің сатушысы Рамазанова жолдас, — деп жазады редакцияға тілші К. Асылтаев, — өз ісіне ұқыптылықпен қарайды. Ол дүкенді таза ұстап, оны мезгілімен ашады. Сатып алушыларды жылы шыраймен қабылдап, үлгілі қамтыйды. Осымен қатар, сатушы халықтың қандай товарды керексінетінін күнібұрын зерттеп, оны селолық тұтынушылар қоғамына хабарлап отырады. Тұтынушыларға мұндай ең қажетті товарларды міндетті түрде әкеліп отырады.

Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозынан тілші М. Балахметов былай деп жазады:

— Колхозшылардың тұрмыс дәрежесі күннен-күнге жақсаруда. Өткен жылы колхозда бітік егін өсті. Колхозшылар еңбеккүндеріне көп астық алды. Олар астықтан көп кіріс алды. Мұның бәрі олардың сатып алу қабілетін арттыра түсті.

Колхозшылар дүкендерден өнеркәсіп товарларын көп сатып ауда. Село тұтынушыларының өскелең тұтыну қажетін өтеуде осы колхоздағы дүкеннің сатушысы Назарова жолдас айтарлықтай еңбек сіңіріп жүр. Ол дүкенге колхозшы-

ларға керекті товарлардың үнемі түсіп тұруын қамтамасыз етіп келеді.

Осы сыяқты, тілші Б. Абашов жолдас Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың № 3 бригадасындағы сатушысы Өтетілеуов жолдас тұтынушыларды мінсіз қамтыйды деп хабарлайды.

Мұнымен қатар ауыл-село тілшілері біраз жерлерде сауда жұмысының нашар ұйымдастырылып отырғандығы жөнінде де хаттар жазады. Мысалы, тілші М. Әбілмәжінов жолдас хабарлауына Преснов ауданындағы Киров атындағы, Аманкелді атындағы колхоздарда сауда жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Мұнда дүкендер уақытылы ашылмайды. Село тұтынушылары өздеріне қажетті товарларын кезінде сатып ала алмайды. Еңбекшілердің тілегі мұқият зерттелмейді. Соның салдарынан еңбекшілерге ең қажетті товарлар дүкендерге өте сирек түсетін болған.

Тілші Б. Некебаев жолдас редакцияға жазған хатында Жданов атындағы колхоздағы (Преснов ауданы) дүкенге дайын киімдердің аз түсетінін, халықтың бұған деген қажетінің арта түсіп отырғанын жазады. Ал, осы колхозды қамтыйтын Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының басшылары еңбекшілердің керексінуін нашар зерттейді де, дүкендерге товарлардың түр-түрінің үнемі және жеткілікті түсіп тұруын қамтамасыз етпей отыр деп мәлімдейді тілші.

Сауда жұмысындағы мұндай кемшіліктерге ешбір тәуел болмайды. Әрбір селолық дүкенде еңбекшілердің өскелең қажеті мінсіз өтелуге тиіс. Сауда жұмысындағы орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, товар айналымын тездету, тұтынушылардың керекті барлық товарларды сатып алуын ұйымдастыру үшін ең алдымен мұндай маңызды іске жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығын жақсарту керек.

Селода сауданы кеңінен өрістету ісіне үнемі көңіл бөліп, дүкендерде халыққа қажетті товарлардың алуан түрлерінің сатылуын қамтамасыз ету — олардың бүгін таңдағы ең басты міндеттерінің бірі.

Колхозшылардың тілегі

«Бірлік» колхозының бригадасы — Мәдениет ауылындағы (Ленин ауданы) дүкен аудандық тұтынушылар одағының ұйғаруы бойынша Петровка селолық тұтынушылар қоғамынан Комсомол селолық тұтынушылар қоғамына ауыстырылып, дүкен-ауыс-беріс кезінде жабылды. Содан бері едәуір уақыт өтсе де Комсомол селолық тұтынушылар одағының председатели Клен жолдас Мәдениет ауылындағы сауда орнына товар бөліп, дүкенді қайта ашудың қамын ойламай отыр. Сондықтан ауыл адамдары күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті заттарды 7—8 километр жердегі көршілес ауылдардан барып алуға мәжбүр болып жүр.

Бұл жағдай аудандық тұтынушылар одағына мәлім бола тұрса да, оның председатели Ионыч жолдас көпшілік тұтынатын товарлармен қамтамасыз етіп отыру жөніндегі колхозшылардың тілегіне құлақ аспай-ақ қойды.

Қ. ШӘКЕНОВ.

15 жыл сатушы

Гәкку Садуақасова жолдас 15 жылдан бері Октябрь ауданындағы Коновалов селолық тұтынушылар қоғамының «Путь к коммунизму» колхозындағы (Социал селосындағы) дүкеннің сатушысы болып істейді. Осы уақыт ішінде ол сатып алушыларды мінсіз қамтумен көзге түсті. Сауда жұмысындағы көп жылғы қажырлы еңбегі үшін ол облыстық тұтынушылар одағының грамотасымен наградалды.

Тәжірибелі сатушы дүкенде көпшілік тұтынатын товарлардың түр-түрінің болуына ерекше назар аударады. Бұл оған товар айналымының жоспарын ай сайын толық және артығымен орындауға қолайлы жағдай туғызуда.

Садуақасова жолдас осы жылғы бірінші тоқсанға белгіленген товар айналымы жоспарын ойдағыдай орындады. Ал, март айының жоспарын 108,2 процент етіп орындауға жетісті. Бүкілхалықтық мереке — Бірінші май құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан ол апрель айында да товар айналымының жоспарын да толық орындады.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Октябрь ауданы.

кем дегенде 465 зеңбірек және гаубица, 1365 пулемет, 6400 реактив мылтық және 145 миномет құрастыруға болады.

Біріккен Ұлттар әскерлерінің командованиясы мұның үстіне құрастырылмаған және запас бөлшектерді сылтау етіп қару-жарақ жеткізумен қатар, ол ауыс-

көрініп отырған уақытша бітім туралы келісімді бұзуын дереу тоқтатудың және уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссия мен бейтарап инспекциялардың, топтардың жұмысына кедергі жасаудан тыйылуын одан талап етуі қажет деп санайды.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының өндіріс озаттарын наградтау

ПХЕНЬЯН, 7 май. (СОТА). Соғыс қыйратқан елдің өнеркәсіп, транспорт, қалалары мен селоларын қалпына келтіруде корей халқы жанқиярлық еңбектің үлгілерін көрсетуде. Соңғы күндерде республика газеттері соғыстан кейінгі құрылыста зор табыстарға ие болған халық шаруашылығының әртүрлі тарауларында жұмыс істейтін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін, қызметшілерді республиканың ордендары және медальдарымен наградтау туралы КХДР Жоғарғы халық

жыйналысы президиумының бірнеше указдарын жариялады. КХДР-дың ордендарымен және медальдарымен: тұрғын үйлер, заводтар мен рудниктерді қалпына келтіруде жұмыс істеп жүрген 28 әскери қызметші, ауыр өнеркәсіп министрінің қасиеттерінің 81 қызметкері, 26 транспорт қызметкері, электр станциялар министрінің қасиеттерінің 57 жұмысшылары мен инженерлері, техниктері және басқа қасиеттерінің өкілдері наградталған.

ПЕТРОПАВЛДАҒЫ К. Д. УШИНСКИЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОҚЫТУШЫЛАР ИНСТИТУТЫ СЫРТТАН ОҚУ ҮШІН

1954—1955 оқу жылдарына студенттер алады

Институтта 3 факультет:

1. Орыс тілі және әдебиет,
2. Жаратылыс тану-география,
3. Физика-математика факультеттері бар.

Институт жетіжылдық мектептер үшін және орта мектептердің 5—7 кластарында орыс тілі мен әдебиеттен, жаратылыс тану және география, физика және математика пәндерінен сабақ беру үшін оқытушылар даярлайды.

Институтта оқу мерзімі 3 жыл.

Институтқа толық орта білімі бар және халық ағарту системасында қызмет істеген ССРО-ның ер және әйел азаматтары қабылданады.

Институтқа түсушілерден мына пәндер бойынша:

1. Жаратылыс тану-география факультетіне түсушілерден — географиядан, химиядан, орыс тілінен және әдебиеттен;
2. Орыс тілі және әдебиет факультетіне түсушілерден — орыс тілінен және әдебиеттен, ССРО тарихынан, географиядан;
3. Физика-математика факультетіне түсушілерден — математикадан, физикадан, орыс тілінен және әдебиеттен емтихан алынады.

Қабылдау емтиханы орта мектептер программасы көлемінде өткізіледі.

Орта мектептерді алтын және күміс медальдармен бітіргендер оқуға емтихансыз қабылданады. Сол сыяқты, педагогикалық училищені бітіргендерден қабылдау емтиханы алынбайды.

Арыздар осы жылғы 1 июньге дейін қабылданады.

Қабылдау емтиханы осы жылғы 20 июньнен 1 июльге дейін жүргізіледі.

Арыздарды мына документтермен: өмірбаяны, орта мектепті бітіргендігі туралы аттестаты (түп нұсқасы), 2 фотосуреті, жұмыс істеген жерінен алған анықтамасымен бірге институт директорының сырттан оқу жөніндегі орынбасарының атына жіберу керек.

Адрес: Петропавл қаласы, Киров көшесі, 37-үй, оқытушылар институтының сырттан оқу бөлімі.

Петропавлдағы «Табакторг» базасына шофер КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Петропавл қаласы, № 17 Фин үйінде тұрушы Николай Васильевич Кучеренко Петропавл қаласы, Буденный көшесі, 89-үйде тұрушы Наталья Георгиевна Кучеренкодан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

лары арасында екіжақты келіссөздердің бірінші кезеңі өткізілді, мұнда 133 кездесу болды. Бұдан кейінгі күндерде көптеген елдердің сарапшылары арасында онан әрі келіссөздер жүргізілді.

Екі жақты келіссөздер сарапшылардың өз әріптестерімен сауда қатынастарын неғұрлым терең зерттеуіне мүмкіндік берді. Сауда проблемаларын талқылау кейбір жағдайда тікелей келіссөздер жүргізіп, келісімдер жасаумен аяқталды. Басқа бір жағдайларда сарапшылар тиісті астаналарда кейінгі уақытта жүргізілуге тиісті сауда келіссөздерінің мерзімдерін белгіледі. Сірә деп, мәлімдеді Мюрдаль қорытындысында, таяудағы жылдың ішінде сауда ұлғаяды деп күту, сонымен қатар, оқыйғалардың дамуы осы сауданы онан әрі ұлғайтуға және, сайып келгенде, бұл сауданы әбден орнықты бір ізге салуға мүмкіндік берер деп күту орында болар еді.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЙНЫМАС ДОСТАР»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГІЗДЕР»

Сағат 4-30, 6-30-да басталады.

«Табакторгтің» Петропавлдағы базасы темекі өнімдерінің ең жоғарғы сорттарын сатады. Базада папиросының «Гвардиялық», «Москвалық», «Совет Одағы», «Фестиваль», «Дюбек», «Қазбек» және басқа сорттары, сигарлардың «Погар», «Гаванна», «Москва», «Порт» сорттары, темекінің «Москвалық», «Қазбек», «Курорттық», «Дунза» және басқа сорттары бар.

«Алтын күз» пионерлер лагері жолдамалар сата бастады. 26 күнге арналған жолдаманың құны 324 сом.

Бірінші маусым 1 июньде басталады.

Бұл жөнінде қалалық Совет аткомнің үйіндегі 10 бөлмеге, қалалық оқу бөліміне келіп түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.